



№ 15 (5986) Сенбі, 18 сәуір, 2015 жыл

Газет 1940 жылғы 1 қарашадан бастап шығады

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!



10 сәуірден бастап дауыс беру күніне дейін және 26 сәуір – дауыс беру күні Сіз өзіңіз туралы деректерді сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдерінен тексере аласыз. Тегіңіз тізімде болмаған жағдайда Сіз учаскелік сайлау комиссиясына өтініш бере аласыз. Сайлау учаскеңізде Сіздің тіркелгендігіңізді растайтын құжаттарды – мекенжай анықтамасын немесе азаматтарды тіркеу кітабын (үй кітабын) көрсетсеңіз, комиссия Сіздің деректеріңізді сайлаушылар тізіміне енгізетін болады.
Сайлаушылар тізімдерінің растығы негізінен, әрбір сайлаушыға байланысты.

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясы.

ЖАС АҚЫНДАР АЙТЫСЫ ӨТЕДІ

Ізтай БЕЛГБАЙҰЛЫ

23-24 сәуір аралығында Сәтбаев қаласында жас ақындардың облыстық айтысы өтеді. Оған Қарағанды, Жезқазған, Сәтбаев, Теміртау, Шахтинск қалалары мен Ұлытау, Жаңаарқа, Шет, Бұқар жырау аудандарынан 14 ақын қатысатын болады.

— Біз он төрт жас ақынды жеті жұп етіп жұптастыруды жоспарлап отырмыз. Атап айтатын болсам, Қарағанды қаласынан Мұхтар Әділов, Ғалым Арғын, Теміртау қаласынан Еркеғали Бекболат, Шахтинск қаласынан Нұрмұхаммед Байсүгіров, Жезқазған қаласынан Алғыс Урманов, Жоламан Мағзұм, Заңғар Тілеулинов, Ұлытау ауданынан Мұқағали Сейтқазинов, Шет ауданынан Ұланғасыр Қамиев, Бұқар жырау ауданынан Доскей Бопай, Жаңаарқа ауданынан Мәдет Жаманов сынды жас ақындарды шақырып отырмыз. Осылардың қатарында Кеншілер қаласының намысын Жұлдыз Елеусізова мен Мұстафа Қалдаров сынды жас берендер қорғайтын болады. Ақындардың бәріне хабар беріліп, оларды күтіп алу жұмыстары жүріп жатыр, — дейді Сәтбаев қалалық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Қанат Төлеш.

Бөлім басшысының айтуынша ақындардың сөз сайысын аймағымызға белгілі айтыскер ақындар саралайтын болып шешіліпті.

Қазылар алқасының төрағасы, филология ғылымының кандидаты, айтыскер ақын Светлана Жумкина. Алқа мүшелері — Еркін Мұсабеков, Төлеген Жаманов, Жанбол Көлбосынов және Ғалил Жәнібеков. Ал, айтысты Бағдат Байжантаев жүргізетін болады.

— «Орамал — тон болмайды, жол болады» дейді ғой атам қазақ. Сол жол болар жоралғылар, яғни, жүлде қоры да нақтыланған. Әрине осы бір орайлы сәтті пайдалана отырып айта кету ләзім, айтыстың бас демеушісі ақын — Әнуар Омар басқарған Сәтбаев қаласының әкімдігі. Ал, Бас жүлде — 200 мың теңге. Бірінші орын — 150 мың, екінші орын — 100 мың, үшінші орын — 50 мың теңге.

Бұл айтыстың тағы бір ерекшелігі, айтыста Ұлытау-Жезқазған өңірінде туып-өскен белгілі ақындардың да есімдерін жаңғыртуды қолға алынып отыр. Яғни, жоғарыдағы жүлделі орындардың сыртында ақындарға жеті арнайы жүлде де тағайындалған. Олар — «ақын Қожабай атындағы», «ақын Тайжан атындағы», «ақын Омар Қунақұлы атындағы», «ақын Нұртай Итенов атындағы», «Нияз ақын атындағы», «Болман ақын атындағы», «ақын Шынболат Ділдебаев атындағы» номинациялар. Номинанттардың әрқайсысына 30 мың теңгеден беріледі. Мұның сыртында айтысқа белсене қатысқан үш жас ақынға да 20 мың теңге көлемінде сыйлық әзірленіп отыр.

Айтыс негізінен Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған.

ӨТКЕНІМІЗГЕ КӨЗ ЖҮГІРТЕҮІКШІ

Сәуір айының 13-ші жұлдызында Ұлытау аудандық мәслихатының хатшысы Т.Сейтжановтың төрағалығымен аудандық мәслихат аппаратында жиналыс өтті. Жиналысқа аудан әкімінің орынбасары Б.Ақышбеков, аудандық Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы М.Еділбаев, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы А. Сакипов, аудандық «Ұлытау өңірі» газеті редакторының орынбасары М.Машайықов, аудандық орталық кітапхана директоры С.Ниязова, аудандық Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің есепшісі Б.Сыздықов қатысты.

Осы жиналыстың негізгі мақсаты 1941-1950 жылдардағы аудандық газеттің көшірмелерін Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасынан, Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасынан және Қазақстанның «Ғылыми кітапхана» ақпараттық-талдамалық орталығынан алу жөнінде болды.

Баршамызға белгілі биылғы жылы өткенімізге көз жүгіртетін болсақ, айтулы іс-шаралар басым екенін жақсы білеміз. Соның бірі

— Ұлы Жеңіске — 70 жыл. Өкінішке орай, сол сұрапыл соғыс жылдарындағы және соғыстан кейінгі кезеңдердегі жергілікті газеттер аудандық Мұрағат мекемесінде сақталмаған. Осы мәселелерді қозғай отырып, аудандық мәслихаттың хатшысы Т.Сейтжанов газеттердің көшірмесін алу жөнінде аудан әкімінің орынбасары Б.Ақышбековке тапсырма берді.

Аудан әкімінің орынбасары Б.Ақышбеков өңіріміздің соғыс жылдарындағы газеттердің көшірмесін жеткізу — біздің басты құндылығымыз, — деп аудандық Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы М.Еділбаевқа газеттің көшірмелерін алу жөнінде заңдылығын анықтап, оны жеткізу жолын қарастыру туралы тапсырма берді. — М.Еділбаев өз сөзінде мекемеде тұрған қаржы мүмкіндіктерін қарастыратынын және Ұлы Жеңіске — 70 жыл мерекесінің қарсаңына сәйкес бұл мәселе өте орынды екенін жеткізді.

Д.ЖҰМАНОВ,
аудандық мәслихаттың
аппарат бөлімі басшысы.



ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ – БОЛАШАҚ КЕПІСІ!



Құрметті сайлаушылар!

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы 10 сәуірден бастап әр азамат сайлаушылар тізімдеріндегі өзі туралы деректерді тіркелген жері бойынша сайлау учаскесінде тексере алатынын хабарлайды.

Конституцияға және сайлау заңнамасына сәйкес он сегіз жасқа толған әр азаматтың сайлауда дауыс беру құқығы бар. Сайлаушының бұл құқығын іске асыра алуы үшін әкімдіктер сайлаушылар тізімдерін жасайды және мәліметтердің растығы мен толықтығына жауапты болады. Азаматты нақтылы сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның осы сайлау учаскесінің аумағында тұратын жері бойынша тіркелу фактісі негіз болып табылады.

5 сәуірде сайлау туралы заңға сәйкес әкімдіктер тиісті учаскелік сайлау комиссияларына акт бойынша сайлаушылардың жаңартылған тізімдерін тапсырды. Әкімдіктердің, сайлау комиссиялары мен мүдделі мемлекеттік органдардың сайлаушылар тізімдерін нақтылау бойынша бірлесіп жүргізген жұмысының нәтижесінде белсенді сайлау құқығына ие азаматтардың жалпы саны 2015 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 213 мың адамға артты.

10 сәуірден бастап сайлаушылардың жаңартылған тізімдері учаскелік сайлау комиссияларының үй-жайларында танысу үшін ұсынылады және әрбір сайлаушы өзі туралы деректерді тікелей сайлау учаскелерінде дауыс беру күніне дейін және сайлау күні тексере алады. Ол үшін учаскелік сайлау комиссиясына жеке басын куәландыратын, сондай-ақ тұрғылықты жерінде тіркелгенін растайтын құжаттармен (мекенжай анықтамасы немесе азаматтарды тіркеу кітабы) келіп, сайлаушылар тізімімен мұқият танысу қажет.

ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Мекенжай анықтамасын сайлаушы халыққа қызмет көрсету орталығында (ХҚО), «электрондық үкімет» порталында (электрондық-сандық қолтаңбасы - ЭСҚ-сы болған жағдайда) немесе ХҚО-да орналасқан ҚҚП-терминалдан ЖСН арқылы ала алады. Сайлаушының тегі тізімде болмаған немесе өзі туралы деректерде дәлсіздіктер жіберілген жағдайда, сайлаушы көрсетілген құжаттар негізінде өзін тізімге кіргізуді немесе қажетті түзетулер енгізуді талап ете алады. Мүмкіндіктері шектеулі адамдардың сайлау учаскелеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында ҚР ОСК олардың кедергісіз және қауіпсіз кіріп-шығуы үшін сайлау учаскелерін мүмкіндігінше құралдармен (арнайы пандустар, тұтқалар және т.б.) жабдықтау туралы өтінішпен әкімдіктерге жүгінді. Сайлаушылар туралы ақпаратты нақтылау үшін республиканың әрбір ауданы мен қаласында мамандандырылған Call-орталық құрылды. Ел бойынша олардың саны 441. Өзінің ауданындағы немесе қаласындағы Call-орталығына телефон шалып, сайлаушы сондай-ақ өзінің сайлаушылар тізіміне енгізілгені, қай сайлау учаскесінде тіркелгені туралы мәліметтерді біліп, сонымен қатар өзі туралы деректерді тексере алады. Call-орталықтарының телефондары туралы ақпарат жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұра-

тын мекендерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, Қазақстан Республикасына қарайтын және дауыс беретін күні жүзуде жүрген кемелерде құрылған сайлау учаскелері бойынша дауыс беруді өткізетін күні аталған мекемелер мен ұйымдарда немесе кеме бортында болатын азаматтар енгізіледі. Әскери бөлімдер бойынша оларда тұратын әскери қызметшілердің барлығы, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері және әскер бөлімдері орналасқан жерлерде тұратын басқа да сайлаушылар енгізіледі. Әскери бөлімдерден тыс жерлерде тұратын әскери қызметшілер сайлаушылар тізіміне тұрғылықты жері бойынша жалпы негізде енгізіледі. Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелері бойынша тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген әрі Республиканың жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі. Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген азаматтар учаскелік сайлау комиссиясына өтініш жасаған жағдайда және олардың Қазақстан Республикасының азаматы деген жарамды паспорты болса, сондай-ақ сайлаушылар тізіміне енгізілуі тиіс.

Жатақханаларда тұратын, күндізгі бөлімде оқитын студенттер мен аспиранттар жатақхананың тұрған жері бойынша сайлаушылар тізіміне енгізіледі, ал жатақханада тұрмайтындар ХҚО-ға жүгініп, жатақхананың немесе ЖОО-ның орналасқан мекенжайы бойынша уақытша тіркеле алады. Бұдан кейін олар сондай-ақ жатақхананың немесе ЖОО-ның орналасқан жері бойынша сайлаушылар тізіміне енгізіледі. Еліміздің заңнамасы өз мекенінен тыс жерлерде болатын сайлаушыларға республика көлемінде кез келген учаскеде дауыс беруге құқық беру мүмкіндігін қарастырған.

10 сәуірден бастап 25 сәуір күнгі сағат кешкі 18.00 – ге дейін сайлаушы тіркелген жері бойынша учаскелік сайлау комиссиясында жазбаша өтініші мен жеке куәлігін ұсынып есептен шығару куәлігін ала алады. Тіркелгенінен басқа елді мекенде тұрып жатқан, өз учаскесіне келіп есептен шығару куәлігін алатын мүмкіндігі жоқ сайлаушылар өзі сенім білдіретін тұлғаға нотариат растаған сенімхатының негізінде есептен шығару куәлігін алдыруға құқылы. Бұл ретте бір елді мекеннің шегінде есептен шығару куәліктері берілмейтінін есте сақтау маңызды. Дауыс беру күні есептен шығару куәлігі мен сайлаушының жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған жағдайда учаскелік сайлау комиссиясы оны барған жері бойынша сайлаушылар тізіміне енгізеді.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы азаматтарды белсенді болуға және өзі туралы деректерді сайлаушылар тізімдерінен уақтылы тексеруге шақырады.

Ақпарат Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының ресми сайтынан алынды.

ЖАҢА ЖЕҢІСТЕРГЕ — ЖАҢА ҚАДАМ

13 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентігіне Үміткер Н.Ә.Назарбаевтың Республикалық қоғамдық штабының мүшелері Оралда студент жастармен, Батыс-Қазақстан машина жасау зауыты және «АКАС» Агрофирмасы қызметкерлерімен, сондай-ақ, облыстың этномәдени бірлестіктерінің өкілдерімен кездесті.

Делегация құрамында Республикалық қоғамдық штабтың жетекшісі Мұхтар Құл-Мұхаммед, «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек, ҚХА төрағасының орынбасары Анатолий Башмаков, «Ақжол» Демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев, «Бірлік» партиясының төрағасы Серік Сұлтанғали, Қазақстанның Азаматтық альянсының вице-президенті Артур Платонов, ҚР Парламентінің депутаттары, ақын Ақұштап Бақтыгереева, спорт ардагері Әмин Тұяқов және басқалар бар.

Түске дейін РҚШ мүшелері Батыс-Қазақстан машина жасау компаниясы («БҚМК» АҚ) зауытшыларымен жүздесті. Кездесу барысында кәсіпорын жұмыс-

шылары индустрияландыру Бағдарламасының арқасында компанияның басқа да қазақстандық зауыттардай, серпінді қарқынмен дамып жатқанына тоқталды.

«БҚМК» АҚ еңбеккерлері «Нұрсұлтан Назарбаев басшылық жасаған жылдарда Қазақстан индустрияландыруды дамытуда зор нәтижелерге қол жеткізді. Жаңа инновацияларды енгізу, өндірісті модернизациялаудың бәрі де – Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізіп жатқан саясатының арқасында» екеніне сенімді.

«Біздің Президентіміздің есімі Қазақстанның игілігі және тұрақтылығымен тығыз байланысты. Қарапайым халыққа бірінші кезекте, елдің бейбітшілігі мен тыныштығы, жұмыс пен басында баспанасының болғаны маңызды. Осының бәрі де



Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында бізде бар», - деді «БҚМК» АҚ қызметкері Татьяна Пантелева.

РҚШ мүшелерінің келесі барған жері, облыстағы ірі жоғары оқу орындарының бірі – Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті болды. Университет жылына агроөнеркәсіп саласындағы 5000 маманды дайындайды.

«Сапалы білім мен жастарды қолдау барлық уақытта да Мемлекет басшысының басты назарында. Ондаған мыңнан астам қазақстандықтардың шет елдің жетекші оқу орындарында білім алуына мүмкіндік берген, Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке бастамасымен құрылған «Болашақ» халықаралық шәкіртақылық бағдарламасы осының жарқын мысалы болып табылады. Сондықтан да Қазақстан жастары Нұрсұлтан Назарбаевты қолдайды!», - деп атап өтті Батыс-Қазақстан агро-техникалық университеті экономика факультетінің түлегі Замзәгүл Сұлтанова.

Түстен кейін РҚШ мүшелері «Агрофирма «Акас» сүттік-тауарлық фермасының жұмыскерлерімен кездесті. «Біздің Президент үнемі еңбекші халықтың Қазақстанда жұмыссыз қалмайтынын айтумен келеді. Елбасы біздің асқар таудай қорғанымыз. Сондықтан да біз оған сенеміз және сайлауда Нұрсұлтан Әбішұлына дауыс береміз!», - деді ферма қызметкері Әлия Жұмашева.

РҚШ мүшелері сондай-ақ облыстағы этномәдени бірлестіктердің өкілдерімен жүздесті. Өңірде бейбіт пен келісімде 90-нан астам этностың өкілдері өмір сүруде, 48 этномәдени бірлестік өз қызметін жүргізуде. ҚХА мүшелері қазақстандық жердегі бейбітшілік пен келісімді нығайтудағы Елбасының баға жетпес рөлін ерекше атады. Олар өздерін Елбасының негізгі халықтық тірегі санайды және 26 сәуірде барша қазақстандықтарды жалғыз дұрыс тандау – бейбітшілік, бірлік, тұрақтылық пен гүлдену үшін, яғни, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа дауыс беруге шақырады.



Президент сайлауы – 2015

ҚКХП ұсынған ҚР Президенттігіне кандидат Т. Сыздықов Шымкент және Қызылорда қалаларындағы аймақтық сайлауалды штабтарының іс-шаралары туралы есеп берді.

Насихат жұмыстарының барысы туралы сайлауалды штабтың жетекшісі Нұрлан Қадырқұлов айтып берді.

Ол Оңтүстік Қазақстан облысы сайлауалды штабының қарқынды ақпараттық қызметі туралы баяндады: сенімді тұлғалар облыс тұрғындары арасында ақпараттық саясатты жүргізумен айналысуда.

Штаб жетекшісінің айтуынша, насихат жұмыстары жүргізіліп, студенттер және еңбекші ұжымдарымен кездесулер ұйымдастырылуда.

Сонымен қатар, штаб кеңсесі журналистер және бақылаушылар үшін әрдайым ашық, үгіт насихат материалдарымыз жеткілікті және кандидаттың сайлауалды тобының мүшелері керекті кеңестерді беруге әзір.

Кандидат Т.Сыздықовтың сенімді тұлғасы З.Мұхамеджанов сайлауалды тұғырнаманың басты бағыттарына тоқталды.

«Коммунистік халықтық партиясы қызметінің негізінде – тұтас, бірізді ғылыми дүниетанымға сүйенген марксизм-ленинизм идеялары жатыр.

Материализм, экономикалық ілім және ғылыми коммунизм теориясы марксизмді құраушы басты бөлімдер болып табылады. Марксизм ғылымды дамытудағы жаңашылдықтар мен жаңа мәліметтерді тарату негізінде үздіксіз дамып, жетіліп отыратын шығармашылық білім болып табылады», - деп атап өтті З.Мұхамеджанов.

Сондай-ақ ол, әлемдік коммунизм

идеясы басты мақсат болып қала бермек. Коммунистік қоғамның әділетті лозунгі - «Әркімнің қабілетіне қарай, әркімнің қажеттілігіне орай» болатынын айтты.

Сонымен қатар, атқарылған жұмыстары туралы Қызылорда облысы сайлауалды штабының жетекшісі Т.Телеубаев баяндады: қазіргі таңда насихат жұмыстары облыстың барлық аудандарын қамтуда.

Тұрғындармен кездесулер үнемі өткізілуде, оларға өзінің маңыздылығын жоймайтын марксизм-ленинизм идеясының негіздері түсіндірілуде.

«Ұстанымдарына берік нағыз коммунист өзіне артығын алмайды, батыстың арбаушы жарнамаларына алданбайды. Қарапайым тағамдармен қоректеніп, шашпалыққа жол бермейді, материалдық байлықты өмірдің мәніне айнал-

САЙЛАУАЛДЫ ҮГІТ-НАСИХАТ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСТЫ

дырмайды, өзінің жеке дамуына және жақындарына қолұшын береді», - деді кандидаттың сенімді тұлғасы.

Аймақтық сайлауалды штабтың жетекшісі, Т.Сыздықовтың сайлауалды тұғырнамасында көтерілген сұрақтар қазіргі кезеңде әлемде өзектілігін табуда және тұрғындармен кездесулерде талқыға түсетін болады.



ҚКХП ұсынған Президенттікке кандидат Тұрғын Сыздықов «Защита локомотива и развитие ДЭПО-сы» жұмысшылар ұжымымен кездесті.

Кездесу барысында кандидат Сыздықов өзінің сайлауалды тұғырнамасы-

азаматтық немқұрайдылыққа әкеледі, - деп атап өтті кездесуде Тұрғын Сыздықов.

ҚР Президенттігіне кандидаттың ойынша, жаппай интернет арқылы таратылып отырған батыстық өмір мәнінде, қатыгездік, енжарлық, немқұрайлылық, іс-әрекетке деген жауапсыздық белгілері жатыр. Мұндай жаппай шектеусіз өмірлік қағидаттар кез келген ұлттың құлдырауына алып келеді.

Мемлекеттің басты байлығы – оның адамдары. Салауатты, зайырлы

ұлт қағидаттары адамдарға нәресте шағынан сіңдірілуі керек. Балалар тек қана пайдалы тағамдармен қоректеніп, дене шынықтырумен айналысып, сезім, сыйластық және құрмет сияқты отбасылық құндылықтарды танып өсуі керек.

Жастар дәстүрлі құндылықтар мен қоғамдық идеалдарды танып өскенде ғана батыстық мәдениеттің ықпалынан құтылады», - деп аяқтады өз сөзін Тұрғын Сыздықов.

Одан әрі сөзді облыстық сайлауалды штабтың жетекшісі Ш.Байдәулетов алды. Ол қатысушыларға сайлауалды науқан кезіндегі үгіт насихат және іс шаралар туралы айтып берді.



Бүгін ҚКХП ұсынған ҚР Президенттігіне кандидат Т.Сыздықовтың Алматы және Павлодар облыстарындағы аймақтық сайлауалды штабтары өз жұмыстарын жалғастырды.

Талдықорған қаласында сенімді тұлғалар батыс стандарттарының теріс ықпалы туралы талқыланды.

«Батыс жастары отбасылық құндылықтар, дәстүр, бірізділік, үлкендерді құрметтеу сияқты адамгершілік қасиеттерге мүлде жат тұтынушылық стандарттармен өмір сүріп жатыр. Мұның бәрі рухани нигилизмге үндейтін ашық насихаттың салдары.

Мұндай қоғамда өмір сүретін адамдардың өмірлік қағидаттары – жалқаулық және материалдық ашкөздік, толық моральдік жауапсыздық», - деп атап өтті Алматы облыстық сайлауалды штабтың жетекшісі.

Сонымен қатар ҚКХП кандидаты Т. Сыздықовтың бағдарламасы Павлодар қаласында талқыланды.

Шетелдік жаттанды тақырыптар БАҚ,

ның басты бағыттарымен таныстырды.

Кездесу кезінде кандидат батыстық стандарттар мен тұтынушылық мәдениеттің теріс ықпалына тоқталып өтті. Бүгін буындары қатып үлгермеген әлемнің барлық жастары батыстық киімдерді киеді, шетел әуендерін тыңдайды, голливудтық фильмдерді және сериалдарды көреді. Мұның барлығы – жай бос уақыт өткізу емес, бұл тұтыну мәдениетінің жалпыға бірдей таралу үрдісі.

Дәстүрлі адами құндылықтарды насихаттауды жоққа шығарып, жат үлгілер мен өмірлік шарттарды көзсіз көшіру адамилықтан ауытқуға, жекелей енжарлыққа, жалпы материализм мен

Астана қаласында ҚР Президенттігіне кандидат Т.Сыздықов пен Республикалық сайлауалды штабтың жетекшісі А.Қоңыров кезектен тыс сайлауды бақылау жөніндегі Республикалық қоғамдық комиссияның өкілдерімен кездесті.

Тараптар сайлауалды науқанының барысы туралы сұқбаттасты, сайлау комиссиялары жұмысында қоғамдық бақылаудың маңыздылығына тоқталды.

Т.Сыздықов комиссия өкілдеріне штаб жұмысын хабардар етті, насихат материалдарымен таныстырды, аймақтардағы шаралар және алдағы жұмыс жоспары туралы айтып берді.

Қазақстанда сайлау насихатын өткізуге барлық мүмкіндік жасалған. Сайлау науқанын жүргізу барысында аймақтық сайлау комиссиялары тарапынан берілген кеңестер мен тиімді заң талаптары, БАҚ-тың мәселелерді толықтай қамтуы, Орталық сайлау комиссиясы тарапынан дайындалған әдістемелік нұсқаулықтар – мұның барлығы сайлау науқанын қалыпты және келеңсіз өткізуге толық мүмкіндік береді – деп атап өтті кандидат.

А.Қоңыров бақылаушылардың назарына ҚКХП кандидатының үгіт насихат материалдары БАҚ-та толық жарық

ҚКХП Республикалық сайлауалды штабының баспасөз қызметі.

Президент сайлауы – 2015

ҚР Президенттігіне кандидат Әбілғазы Құсайынов Ақтөбе облысының жұртшылығымен кездесті. Кездесу барысында Әбілғазы Құсайынов жиын қатысушыларын экологиялық мәселелерді айқындап, шешуге негізделген өз сайлауалды бағдарламасының басты бағыттарымен таныстырды.

– Алдымен, басты міндеттерімізді айқындап алайық. Экологиялық проблема – табиғаттың құрылымы мен қызметін бұзатын қоршаған ортадағы теріс құбылыстар. Бұл дегеніңіз, адамзат тұрмысынан туындаған антропогендік түрлену.

Экологиялық түйткілдер адамзаттың күрт өскен өнеркәсіптік әрекетінің айналаға әсерінен туындап отыр.

Қазірдің өзінде адамдар күн сайын еселеніп келетін экологиялық дағдарыс жағдайында өмір сүріп жатқаны жасырын емес. Ол барша өркениеттің дағдарысына айналып барады, – деді ҚР Президенттігіне кандидат. Ә.Құсайыновтың айтуынша, экологиялық жүйе қызметі мен адам қоғамының табиғатпен қарым-қатынасы арасында тепе-теңдік жоқ.

Одан әрі кандидат жиналған жұртты адамзат қоғамы алдында тұрған маңызды жаһандық экологиялық проблемалармен таныстырды, атап айтқанда: қоршаған ортаның ластануы, парниктік газдардың зияны, ғаламшардың «озон қабатының» сөгілуі және т.б.

Адамның іс-әрекетінен қоршаған ортаның ластануы барлық жер қыртыстарын: атмосфера, гидросфера мен

құртылуы, құрғақшылық, ауадағы қауіпті қалдықтар, биосфера генофондының азаюы сынды қауіпті экологиялық құбылыстар, біздер, адамдар үшін, қалыпты жағдайға айналды.

Осы орайда қуат көзі мен табиғат ресурстарын үнемдеу мәселесін де назардан тыс қалдырмау керек.

Біз – адамдар, жаңартылмайтын ресурстарды жойып, флора мен фаунаны талқандап, табиғат циклін бұздық – бір сөзбен айтқанда, бізді жаратқан табиғатқа өзіміз зиян келтіріп отырмыз»,

ҮМІТКЕР Ә.ҚҰСАЙЫНОВ ХАЛЫҚ АРАСЫНДА

– деді Құсайынов.

Айналамыздың бәрі өзгеріске ұшырады – аңдар қырылып, сирек өсімдіктер жойылып кетті, аралдарды су басып, табиғи апаттар тұтас қалаларды қиратуда. Соған қарамастан, адамдар техникалық баспалдақтағы серпілісін жалғастырып,



литосфераны қамтып, өткір мәселеге айналып барады.

Оның ішінде бірінші әрі маңыздысы – жаһандық климаттың өзгеруі. Адамның өнеркәсіптік тұрмыс-тіршілігінен түзілген парниктік газдардан климат антропогендік өзгеріске ұшырады.

XIX ғасырда температура 0,1 градусқа өсті. XX ғасырда бұл өсім әр жыл сайын 0,3 градусқа жетті. Ал XXI ғасырдың 15 жылында орташа жылдық температура 0,8 градусқа жылып отыр.

Ғаламшардың жаһандық жылынуы мұздықтарды ерітіп қоймай, топырақтың беткі қабатын қуратып отыр. Бұл үлкен қауіп төндіреді.

Климат өзгерісінің зардабын, ең алдымен, ауылшаруашылық жайылымдар тартып отыр, шаруашылық мақсаттағы жерлердің 63%-ы эрозияға ұшыраған. Жыл сайын шөл даланың жалпы аумағы 27 млн гектарға кеңіп келеді. Сондай-ақ, жаһандық жылынудан жаңа аурулар туып, қауіпті микроағзалар пайда болады.

Адам өз іс-әрекетінен туындаған экологиялық ауытқудың құрбанына айналып отыр: кейбір мәліметтерге сенсек, су ресурстарының, атмосфералық ауа мен жер қыртысының ластануынан туындаған аурулардан әлем бойынша адамдардың 40%-ы өмірден өтіп жатыр.

Ә.Құсайыновтың айтуынша, фотохимиялық түтін, қышқыл жаңбыр, топырақтың құнарсыздануы, ормандардың

ғаламшарға тұтынушылық қатынасын тоқтатар емес. Табиғаттың құнарын соңғы тамшысына дейін сорып алуға дайын.

Адамзат қоршаған ортаны құрып бара жатқан іс-әрекетін тоқтатпаса, жағдай қиындауы мүмкін. Сол себепті, бүгінде экология ғылымына биологияның бір саласы деп қарамай, оған әлдеқайда тереңнен бойлау қажет, – деді кандидаттың Ақтөбе облысындағы сайлауалды штабының жетекшісі Игілік Сағиев.

«Экологиялық мәдениет қазіргі қоғамның маңызды бөлігіне айналуы керек.

Табиғатты қорғау, табиғат ресурстарын дұрыс пайдалану мәселелеріне қоғам назарын тарту жұмыстарын күшейту маңызды.

Кәсіпорын мен ұйымдардың жер қойнауын, су ресурстарын, орман, қазба байлықтары мен өзге де табиғат ресурстарын дұрыс пайдалануларына мемлекеттік бақылау енгізу қажет.

Топырақтың, жер беті және жер асты суларының ластануына жол бермеуге қоғам назарын күшейту керек.

Сулар және ормандарды қорғау, өсімдік және жануарлар әлемін қорғай отырып, сол арқылы атмосфераның ластануына тосқауыл қою маңызды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесін енгізу қажет», – деді Ә.Құсайынов.



Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат Әбілғазы Құсайынов «Тұран-Астана» студенттерімен және ұстаздарымен кездесті.

баған, құнарлы жермен қамту үшін кем дегенде 6,2 гектар жетіспейді. Бұл өте күрделі мәселе, – деді Ә.Құсайынов.

Кандидаттың келтірген мәліметі бойынша, 19 ғасырдың соңынан бері әрбір жаңа онжылдық алдыңғысына қарағанда жылырақ. Бұл ғылыми қауымдастықтар мойындап отырған жалпыға аян ақпарат, бірақ халықаралық деңгейде оған тиісті жауап табылмай отырғаны өкінеті – дейді ол.

Көптеген елдерде жасыл технология өндіріске енгізілмей келеді, тіпті, оны жатырқап отырғандар қаншама. Табиғи

ресурстар кешенін біріктіретін ортақ термин – экологияны күйзеліске ұшыратқан мұндай күрделі жағдай амалсыз ертеңгі күнің жайлы алаңдатады.

Студенттермен және ұстаздармен кездесу кезінде кандидаттың сайлауалды штабының жетекшісі Рүстем Жоламан да экологиялық тақырыптың өзектілігіне тоқталды.

Біздің заманымызда экология – шектеулі тіршілік көзі. Негізінен, оның шектеулі екені бұған дейін де белгілі болатын, бірақ, шексіз көрінген шикізат қорының таяздануы күн тәртібіндегі күрделі мәселеге айналды. Сондықтан да біз халықты экология ғылымдарының негізгі бағыттарымен таныстырып, аталмыш мәселеге мұқият көңіл бөлуге шақырамыз. Жасыл вектор үнемі таза ауа, құнарлы жер, ауыссу көздері мен Жер шарының атмосферасы сынды ең маңызды табиғат қорларының тапшылығы туралы өзекті мәселелерді меңзейді, – деді Р.Жоламан.

Кездесу соңында Әбілғазы Құсайынов экологиялық күн тәртібінің өзектілігіне тағы бір тоқталып, қала жұртшылығын жаһандық экологиялық мәселелерге көңіл бөлуге шақырды.

* * *

Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат Әбілғазы Құсайыновтың Астана қаласындағы Республикалық штабында, Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат Әбілғазы Құсайынов Қазақстан Республикасындағы кезектен тыс Президент сайлауын бақылау жөніндегі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ миссиясының басшысы Корнелия Йонкермен кездесті.



Кездесу барысында ҚР Президенттігіне кандидат Әбілғазы Құсайынов ЕҚЫҰ өкілдерін республикалық штабтың жұмысымен таныстырып, Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат ретіндегі болашақ жоспары жайында әңгімелеп берді.

«Бүгінге дейін 5 аймақты аралап, Астана қаласында бірнеше кездесу өткізіп үлгердік. Жалпы алғанда, сайлаушылармен 12 кездесу өткізіп, онда сайлауалды бағдарламаммен таныстырдым, сайлаушыларды

қызықтырған сұрақтарға жауап бердім», – деді Ә.Құсайынов.

ЕҚЫҰ өкілдерімен кездесу барысында ҚР Президенттігіне кандидат Ә.Құсайынов осы жылдың 20 сәуіріне жоспарланған Астанада өтетін аймақтық сайлауалды штабтарының слеті туралы айтып, ЕҚЫҰ өкілдерін аталмыш іс-шараға қатысуға шақырды. Ә.Құсайынов ЕҚЫҰ өкілдерінің назарын Қазақстан Республикасы Презид

денттігіне кандидат ретіндегі жұмысын ешқандай кедергісіз жүргізіп жатқанына аударып, аймақтардағы барлық кездесулері заңға сәйкес ұйымдастырылғанын атап өтті. Одан бөлек, ЕҚЫҰ өкілдерімен кездесу кезінде ҚР Президенттігіне кандидат Ә.Құсайыновтың республикалық сайлауалды штабының жетекшісі Рүстем

Жоламан сайлау науқаны аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар жайында әңгімелеп берді.

Атап айтқанда, ол ҚР Президенттігіне кандидат Ә.Құсайыновтың Елордадағы және аймақтардағы штабтары ыңғайлы жерде орналасқанына тоқталды. Оның айтуынша, штабтарға консультациялық қолдауды Орталық сайлау комиссиясы, облыстардағы аймақтық сайлау комиссиялары көрсетіп отыр.

ҰЛЫТАУ АУДАНДЫҚ
САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ
САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ
Ш Е Ш І М І

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 38-бабы негізінде сайлау комиссиясы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Егер тізімге енгізілген сайлаушылардың барлығы дауыс беріп болса, дауыс беру кез келген уақытта аяқталуы мүмкін. Соған сәйкес сайлау учаскелерінің тізбесі бекітілсін:

Борсеңгір селосы, Сымтас бөлімшесі, кеңсе №529 Сымтас сайлау учаскесі
Бозтұмсық селосы, Көкүй елді мекені, медпункт ғимараты №537 Көкүй сайлау учаскесі

Мибұлақ селосы, Қарақойын елді мекені, бөлімше ғимараты №544 Қарақойын сайлау учаскесі

Шеңбер селосы, Үңгірлі елді мекені, кеңсе №553 Сымтас сайлау учаскесі

Осы учаскелерде дауыстарды санау дауыс беру аяқталғаннан кейін басталсын.

Ұлытау аудандық сайлау комиссиясы.

Президент сайлауы – 2015

САЙЛАУ КҮНІНЕ ДАҰЫНДЫҚ ОҰДАҒЫДАҰ

Комиссия құрамы

Ұлытау ауданы бойынша 1 аумақтық және 30 учаскелік сайлау комиссиялары тұрақты жұмыс істеп тұр. Аудан бойынша жабық сайлау учаскесі тіркелмеген. Аумақтық сайлау комиссиясының 3 мүшесі қайта сайланып, 4 мүшесі жаңадан сайланып отыр, барлығы жоғары білімді. Учаскелік сайлау комиссияларында 210 адам қызмет атқарады, олардың 96 мүшесі қайта сайланып, 114 мүшесі жаңадан сайланған. 82 мүшесі жоғары білімді, 76-сы арнаулы орта, 52-сі орта білімді.

Сайлау учаскелерінің дайындығы

2015 жылдың наурыз айының 30-на аумақтық және учаскелік сайлау учаскелерінің материалдық – техникалық дайындықтары туралы төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

Учаскелер компьютерлік жаб-

дықтармен қамтамасыз етілді, учаскелерде мемлекеттік рәміздер орналастырылды. Сайлау учаскелерінің төлқұжаттары мен күнтізбелері әр учаскелердің маңдайшаларына ілінді.

Учаскелердің барлығы байланыс телефондарымен және интернет желісімен қамтамасыз етілді. Өртке қарсы аудандық төтенше жағдайлар бөлімі тексерістер жүргізіп, учаскелердің дайындығы туралы актілері дайындалды.

Учаскелердің барлығы кеңсе тауарларымен, кабинаға арналған көк матамен, және бюллетеньге арналған кіші және үлкен урналармен қамтамасыз етілді.

Учаскелер орталықтарына ешқандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жоқ.

Учаскелердің барлығы Сайлау күніне толық дайын.

Аудандық сайлау комиссиясы.

КӘСІПКЕРЛЕР КӨМЕК КӨРСЕТТІ

Апат айтып келмейді. Тілсіз жау су тасқынынан зардап шеккен Сарысу селолық округіне аудан әкімдігі тарапынан тиісті көмек көрсетіліп жатыр. Апат болып, абдырап қалған халыққа қазіргі таңда түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, шығын мөлшері есептелуде. Сарысу селосының жұртшылығына халық арасынан ерікті түрде қолұшын созған қайырымды жандар баршылық.

Аудан кәсіпкерлері біріксідей жұмылып көмек көрсетті. Атап айтар болсақ, жеке кәсіпкер Байболов Қайрат 43 отбасыға азық-түлік үлестірсе, «Самади» ЖШС-і 43 отбасына 25 киллограмдық ұннан 1075 кг ұн, 2600 кг. кебек және ақшалай 127 250 (жүз жиырма жеті мың екі жүз елу) теңге демеушілік көрсетті. Жеке кәсіпкер Жарасбаев Ерлан 43 үйге әр отбасына 25 киллограмдық ұннан көмек жасады. Аманкелді селолық округінің шаруа қожалық иегері Қаражорғин Балғабек демеушілік көмек ретінде азық-түлікке 50,0 (елу мың) теңге көмек беріп оған азық-түліктер алынып Сарысу селосына жеткізілді. Сонымен қатар, Жезді кентінің кәсіпкерлері Нұрғалиев Әбсаппар, наубайхана иесі Сартова Жанна ақшалай көмек берді. Мибұлақ ауылынан

«Жауғашты» шаруа қожалығының иегері Е.Байтұғанов, «Тезекбай» шаруа қожалығының иегері А.Қыдырпатшаев, «Кишибаева Ш.Т.» шаруа қожалығының иегері Ш.Кишибаева, «Жан» шаруа қожалығының иегері Т.Сарыбаев, «Аяғанин А» шаруа қожалығының иегері А.Аяғанин және Қаракөңгір селолық округі бойынша Жарасбаев Данияр, Хамыстханов Хусейн, Құлмағанбетов Ғазиз, Мақыжанов Бақыт, Оспанов Ерлан, Өткелбаев Бақытжан, Аянбаев Ұлан, Кеңгірбаев Өтжан, Бижігітов Оңқоныс, Мұхамбетжанов Бақтияр, Абсейтов Асылжан, Бекетаев Қанат сынды азаматтар апаттан зардап шеккен халыққа ірі қара малы мен ұсақ малдар беруге дайын екендіктерін жеткізді.

Өз тілшіміз.

Қазақ хандығына – 550 жыл

ЕЛДІККЕ ҚОЗҒАЛЫС – ҰЛЫТАУДАН

Бүгінде Қазақ елі – 550 жылдық тарихы бар әлем таныған іргелі мемлекет. Қазақ хандығының алғашқы іргетасын қалап, туын көтерген КЕРЕЙ мен ЖӘНІБЕК есімдері тарихта түпкілікті қалса, егемен Қазақ елінің шекарасының қазығын қағып, Көк туын көтерген Ұлт Көшбасшысы, елін озық елдер қатарына қосып, аяғынан тік тұрып, еңсесін көтеруіне басшылық жасаған, Мәңгілік елдікті мұрат тұтқан, әлем мойындаған саясаткер, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев есімі де тарихта алтын әріппен жазылары сөзсіз.

Тамыры терең, тұғыры биік тарихымыз шежірелі сырға тұнып тұрғаны белгілі. Бүгінгі аз-кем әңгіме соның бір парасы хақында.

...Бұрынғы Ақ Орданың шаһарлары Үзген, Созақ, Сығанақты жаулап алған Әбілқайыр 1446 жылы Сырдың бойына дендей кіреді. Астанасы да Ордабазардан Сығанаққа көшіріледі. Орыс ханның ақ сарайы өзбек мемлекеті билеушісінің ордасына айналады. Әбілқайыр сарбаздары, негізінен, Алтын Орда билеушісі Өзбек ханды жақтайтын Еділ мен Жайық өзендері бойын жайлаған тайпалардан құралғандықтан мемлекеті де 92 баулы өзбек аталған. Көшпелі өзбектер Сырдың бойын иеленген соң келер жылы Самарқанға жорық жасап, басып алады. Гераттағы әкесі Әмір Темір ұлы Шаһрух қайтыс болғандықтан Самарқанның билеушісі Ұлықбек Хорасанда жүрген болатын-ды. Өзбектер қаланы тонап, мол олжамен Сығанаққа оралады. Олардан кегін қайтаруға Ұлықбектің дәрмені болмайды. Хорасаннан оралған ұлы ғұлама 1449 жылы 27 қазанда өз ұлы Әбду-Латифтің қолынан қаза табады. Самарқан тағы орнықсыз болып, билеушілері Әбду-Латиф те, Абдолла да бір-бір жылдан ғана басқарады. Әмір Темір ұрпағы Әбу Саид иешілік жасаған соң ғана Самарқан шаһары орнығып, қалыпқа келе бастайды.

Көшпелі өзбек мемлекетінің әлсіреу кезеңі басталды. Қаратау-Жайық бойындағы кең алқапты иеленген Өзбек мемлекетінің бірте-бірте ойсырай беруіне ханы Әбілқайырдың мемлекет ішіндегі тайпаларға деген сенімсіздігі әсер етеді.

Ақ Орда көлемі Орда Ежен ұрпақтарының иешілігінде болып келгені белгілі. Жергілікті тайпалардың көпшілігі Орыс ханды құрметтейтін еді. Әбілқайыр сондықтан, Орыс ханнан тарайтын тұлғалардың көзін жою әрекетіне кіріседі. Бұл жағдай жергілікті халықтың Көк Ордадан келген Шайбани ұрпағына деген қарсылықтарын күшейте түседі. Әбілқайыр хан да мұндай наразылықты сезіп, бұл тайпаға сенуге болмайтынын түсінеді. Ноғайлы және Сібір жұртынан өзіне адал қызмет жасайтын сарбаздарды Сыр бойына көшіріп, билігін нығайту әрекетіне көшеді. Дегенмен, сырттан келген Ноғайлы, Қыпшақ, Қоңырат және тағы да басқа тайпалардың басшылары мен билері жергілікті халықпен байланысып, ханға астыртын наразылықта жүрген Орыс ханның екі немересі Керей мен Жәнібектің төңірегіне жинала бастайды. Керей Орыс ханның үлкен ұлы Тоқтақиядан-Болат сұлтанның ұлы, ал, Жәнібек-Орысханның сегізінші ұлы Құйыршықтан тараған Бақханның кіші ұлы.

Әмір Темір ұрпағы жоғарыда айтылған Әбу Саиттің күшейе түсуі Керей мен Жәнібектің де көңіліне демеу болып, ханға деген наразылығына арқау бола бастайды. Хорасанға жорық жасап, Самарқанды бағындырады. Осы жорық кезінде Гератта Моғолстан ханы Есенбұғаның ағасы Жүніспен оңаша кездесіп, оны Есенбұғаға қарсы аттандырады. Бұл жайсыз хабарды естіген Есенбұға Жүніске жалғыз шамасы жет-

пейтінін біліп, Әбілқайырмен келісе алмай жүрген Керей мен Жәнібекке өздерін қолдайтын тайпаларымен көшіп келіп, Моғолстан мен Әмір Темір ұрпақтары мемлекеті аралығына қоныстанатын болса жер беретінін айтып хабар жібереді. Бұл жағдай, әрине, Моғолстанның күшеюіне әрі Самарқан жағынан болған шапқыншылыққа бөгет болары анық еді. Керей мен Жәнібек Моғолстан елшісінің бұл хабарын түрлі ой елегінен өткізеді де хабарды кейін беретіндерін айтып қайтарады елшіні. Мұнда құйырқы саясат жатқанын да түсінеді. Олардың бұл саясатқа байланысты шешім алулары амалсыздан шешіледі. Ол –Қарақыпшақ Қобыландының Арғын тайпасының беделді биі Ақжол биді (Дайырқожа) өлтіруі.

Бұл Әбілқайыр ханның жаз жайлауы орналасқан хан ордасына көшіп келген кезі болатын. Хан ордасы қазіргі Ұлытау ауданы, Аманкелді ауылынан (Сарлық селосы) шығысқа қарай жеті шақырым жазықтықта орналасқан. Жаздағы Ордада ел басқару ісімен қатар, түрлі салт-дәстүрдің, саятшылық, тағы басқа жұмыстардың атқарылар кезі болса керек. Осы Хан ордасының Солтүстік шығысында 50-60 шақырымдай қашықтықта Арғанаты тауынан бастау алатын «Бозай» өзенінің бойында аң аулап жүрген жерінде Қобыланды батыр Ақжол биді өлтіріп кетеді. Ақжол бидің әкесі Арғынның атасы Қодан тайшының тоқсанға келген шағы болса керек, мерт болған баласының жансыз денесін айналып жүріп:

**«Қарақыпшақ Қобыландыда
нең бар еді құлыным?!
Сексеннен асып, тоқсанға
жасым келгенде,
Тұра алмастай үзілді ме
жұлыным?
Адасқанын жолға салдың
бұл Ноғайлы ұлының,
Аққан бұлақ, жаққан шырақ,
жалғыз күнде құрыдың,
Қарақыпшақ Қобыландыда нең
бар еді құлыным?!»**–деп зарлы толғау айтатыны сол кез.

Ақжол би (Дайырқожа) Орта жүздегі арғын руларының атасы аталып, бәйбішесі Ергүлден Мейрам, тоқалы Момыннан Қарасопы-Бәсентин-Кенжесопы, кіші тоқалынан Сомдық болып табылады.

Ардақты биі Ақжолдың қазасына ашынған Арғын тайпасы дүр көтеріліп, Әбілқайырға шарияғат жолына қысастық жасаған Қарақыпшақ Қобыланды батырдан Ақжол бидің құнын өндіруді талап етеді. Шұғыл өткізілген Хан кеңесінде Арғын тайпасы мен Керей-Жәнібектің талабы орындалмайды. Дегенмен, ханның маңындағы сенімді сарбаздардың жергілікті халықтың наразылығын күшпен басуға шамасы жетпейтін еді. Әбілқайыр Ақ сарайы орналасқан Сығанақ шаһарын қорғауды үлкен ұлы Шәһбұтаққа тапсырып, өзі шағын жасақпен қосымша күш жинауға Ноғайлы ордасына аттанады.

**Жақыпбек ДАЙЫРОВ,
еңбек ардагері, өлкетанушы.**

(Жалғасы бар).



Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында №6 Жезді орта мектебінің бір топ 7 сынып оқушылары кентіміздегі 91 жастағы жалғыз соғыс ардагері Нығмет Маханов атамның үйіне көмекке бардық. Жастық шағында майданға барып, соғыс тауқыметін тартқан атамның ауласын қоқыстан тазартып бергенде ол кісінің бізге деген ықыласы ерекше болып, көңілі бір көтеріліп қалды. Біз Нығмет атамның ортаға алып, суретке түстік.

БІЗ ДЕ ПАТРИОТ БОЛАМЫЗ

Ардагер Нығмет Маханов Отан үшін от кешіп, Жеңіс күні туын желбіреткен соң да Украина жерінде қалып, бес жыл бойы «бандерлерден» тазартуға атсалысқан екен. Бізді бастап барған тәлімгеріміз Жанар Әубәкірова соғыс ардагерін алда келе жатқан Ұлы Жеңістің 70 жылдығымен құттықтап, келешекте де қолғабысымызды тигізуге келіп тұратындығымызды айтты. Бұл біздің болашағымыз үшін жаумен шайқасқан жандар жанұясына жасай алатын көмегіміздің ең



азы, — деді тәлімгеріміз.

А.Тілеубергенова, К.Әбдухамитова, А.Жанболатова, А.Сұлтанбекова, Н.Қабден,

Б.Әбдірәсіп, Е.Қаһарман, Р.Жентай секілді 20-ға жуық оқушылар үйге оралып келе жатқанымызда Сәтбаев көшесі мен Кеңес Одағының Батыры А.П.Живов атындағы көше қиылысында Нығмет Маханов атамның баннердегі үлкен суретін көріп, қуанып қалдық. Осылайша ардақтап, құрмет көрсеткен кент басшыларына да риза болдық. Біз де Сіздей ел қамын ойлаған патриот ұл-қыздарыңыз боламыз, — дейміз бірауыздан.

Қымбат ҚЫЗДАРБЕК.
№6 Жезді орта мектебі.

Суретте: соғыс ардагері Н.Маханов көмекке келген бір топ оқушылар ортасында.



БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНА ӨТКІЗІЛГЕН ЖӨРМЕҢКЕ

Кайрат ЖҰМАБАЕВ

Ұлытау ауданының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі сайлау науқаны алдында ҚР Президентіне үміткер Н.Ә.Назарбаевтың кандидатурасын қолдау үшін сайлау компаниясының желілік кестесіне сәйкес «Нұр Отан» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы бойынша аудандық Мәдениет үйінде бос жұмыс орындарына жәрмеңке өткізді. Аталмыш іс-шараға Жұмыспен қамту орталығы 41 жұмыс орнын ұсынды. Жұмыс беруші ретінде өткізілген жәрмеңкеге 11 мекеме, 3 жеке кәсіпкер қатысты.

Бос орындарға ұсынылған жұмыстардың ішінде химия мамандығына 8 орын, мал дәрігері, агроном, инженер, бағдарламашы, есепші мамандықтарына 3 орын, баспасөз хатшысы, мұрағатшы, іс жүргізуші мамандығына, география, қазақ тілі



мен әдебиет, информатика, музыка, бастауыш сынып мұғалімдігіне бір орыннан ұсынылды. Бос орындарға ұсынылған жәрмеңкеге 32 адам қатысты. Оның 5-еуі мүмкіндігі шектеулі жандар, өзгелері жұмыссыздар қатарындағы азаматтар. Бос орындарға ұсынылған жәрмеңкенің нәтижесінде 4 мүмкіндігі шектеулі азамат тұрақты жұмысқа орналасты.

Мәдени мұра

Жуырда Астана қаласында Норвегия әмірлігі елшілігінің резиденциясында Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы Норвегиялық дипломаттармен және ғалымдармен кездесті.

Кездесу барысында мәдениет және ғылым саласы бойынша екі жақты ынтымақтастықты дамытудың жолдары қарастырылды. Оның ішінде, бірлескен экспедицияның Қазақстандағы ежелгі қола дәуірі археологиялық артефактердің ДНК зерттеу жұмыстарының басталғандығы хабарланды. Олар екіжақты бірлескен жаңа «Қорған ДНК» атты жоба аясында жұмыс жасайтын

лымдар тобының жетекшісі - Eske Willerslev. Қазақстандық зерттеу тобы: жетекшісі - Стурла Эллингваг (Sturla Ellingvag), ассистент - Беттина Хейердал (Bettina Heyerdahl) (Норвегия, Кон-Тики музейі), генетик-биолог Петера Дамгорда (Peter de Barros Damgaard) (Дания, Био-генетика орталығы). Топ құрамында аңызға айналған саяхатшы, бар өмірін көші-қон өзекті мәселелерін

ДАЛА ЖӘНЕ ТЕҢІЗ КӨШПЕНДІЛЕРІ БІРІГУДЕ



болады. Экспедиция құрамында қазақстандық топтан: Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы, ал шет елдік топтан: Копенгаген университеті, Био-генетика орталығы, Табиғи тарихи мұражай (Дания), Норвегия Кон-Тики университеті. Жобаға қатысушылар алдында айтарлықтай міндет тұр. Ол - біздің протоүндіеуропалық тамырымыздың ортақтығын дәлелдеу. Ғалымдар Қазақстанда қорған-қорымдардан табылған археологиялық артефактердің ДНК-материалдарын жинаумен айналысатын болады. Олардың нәтижесін әлемге әйгілі Копенгаген университетінің генетикалық зертханасында талдайды.

Норвегиялық мамандар белгілі саяхатшы Тур Хейердалдың «викингтердің арғы аталары Каспий даласынан тарады» деген болжамын дәлелдемекші. Беттина Хейердал: «Бұл менің әкемнің соңғы экспедициясының басты міндеті болды. Лингвистикалық параллельдерге сүйене отырып, викингтердің арғы атасы олардың құдайы ретінде саналатын Одинаң отаны осы аймақта екендігіне ол қатты сенді» — дейді. Сонымен қатар, норвегиялық тарихшы Стурла Эллингваг: «Шамамен мың жыл бұрын біздің арғы аталарымыздың Орталық Азия және Оңтүстік Ресей аймағында бір отаны болды. Қазіргі ғылымның жетістіктері арқасында біз өзіміздің ортақ үйімізді ашуға өте жақынбыз», — деген тұжырым жасайды.

Шетелдік ғалымдардың болжамы ұлытаулықтар ұйымдастырған әйгілі «Алтай - Дунай» экспедициясының мақсаттарымен сәйкес келгені біздің «Ұлытау» қорық-мұражай директоры Бақтияр Қожахметовты қатты қуанып отыр. Экспедицияның мақсаты көшпелілердің Еуропаны жайлап Америкаға дейін барғанын дәлелдеу, біздің бабаларымыздың дүниежүзілік өркениетке қосқан үлесін насихаттау болатын. Енді ДНК арқылы бұл болжамдар айқын дәлелденетініне үлкен сенім атқарылып отыр.

Жобаға қатысушылар Қазақстан және Норвегия арасындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық біздің тарихи ата-бабаларымыздың және қазіргі ұрпақтардың ортақтығын дәлелдеуге мүмкіндік береді, деген сенімде.

Скандинавиялық зерттеуші ға-

шешуге арнаған Тур Хейердалдың қызы Беттина Хейердалдың болғанын ерекше атап өту керек.

Кездесу барысында Норвегия әмірлігінің елшісі Оле Йохан Бернай мырзамен біріккен «Дала және теңіз көшпенділері» фотожобасының өтетіндігі және оған Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған Үкімет Қаулысының іс-шаралары жоспарына енгізілген «Алтай-Дунай» халықаралық экспедициясының атсалысатындығы туралы мәселелер айтылды. Сондай-ақ, Еуропадан табылған «ғұн дәуіріне» байланысты адам сүйектерінің ДНК деректерін бірлесіп жинау жобамең келісілді. Бұл әріптестік арасында туризмді және ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға қажет үлкен мүмкіндік болары сөзсіз.

Экспедиция мүшелері Павлодар, Қостанай және Қарағанды облыстарын аралап шықты. Ұйымдастырылған экспедицияның жүзеге асырылуына А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Павлодар мемлекеттік университеті (Археологиялық зерттеу орталығы) қолдау жасады.

Экспедиция 20 ақпанда Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Археологиялық мұражайында өткен «Ұлытаудан шыққан керуен» атты көрмесімен аяқталды. Арнайы ұйымдастырылған көрмеге норвегиялық ғалымдар, ҚарМУ ұстаздары, студенттер және мектеп оқушылары қатысты. Арнайы қойылған фотожобамеңде Ұлытау тарихи мұраларына жасалынған археологиялық, архитектуралық жұмыстары, ұлт дәстүрін насихаттап, халықтың көңілінен шығып жүрген «Терісаққан көктемі» этнофестивалі және Халықаралық «Алтай-Дунай» экспедициясы суреттері көрсетілді.

Бұл Норвегия, Дания және Қазақстан біріккен ерекше, сирек кездесетін экспедицияның өтуіне мүмкіншілік жасап, себепкер болған, белгілі археолог, этнограф, музейтанушы Эмма Усманованың ерен еңбегі.

Б. ШАЙГӨЗОВА,
«Ұлытау»
қорық-мұражайының
архитектура бөлімінің
менгерушісі.



Кайрат ЖҰМАБАЕВ

ҚР-ның Қазақ күресі федерациясы және Спорт комитеті бекіткен ережеге сәйкес ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жүлдесіне арналған «Қазақстан барысы» республикалық турниріне қатысу үшін облыс құрама сапын іріктеу мақсатында ересектер арасында Қазақ күресінен аудандық турнирдің екінші кезеңі «Сарыарқа алыбы-2015» аудан орталығында өтті.

Турнирдің ашылу салтанаты ҚР Өңіранымен басталып, аудан әкімі Х.Омаровтың құттықтау лебізімен ашылды. Бұған дейін турнирдің бірінші кезеңі Қарсақбай, Қарақұм, Сарысу, Борсеңгір, Мибұлақ, Егінді, Қаракеңгір, Алғабас, Ұлытау, Жезді, Сарлық, Шеңбер, Терісаққан аймақтарында өткен болатын. Осы өңірлерде

дардың белдесуінде ұлытаулық Қ.Жөкенов I-орын, Е.Төлеш II-орынды қанжығасына байлады. 82 келі салмақта тағы да ұлытаулық балуандардың бағы жанды. Б.Құрманғалиев I-орын, Қ.Махмұт II-орынға қол жеткізді. 90 келі салмақта ұлытаулық Е.Әкбар I-орын, қарақұмдық Б.Искандер II-орынды қанағат тұтты. Осы турнирде

«САРЫАРҚА АЛЫБЫ-2015»



өткізілген турнирге 13 команда қатысып, шаршы алаңда 301 балуан бақ сынасты. Ал, екінші кезеңі аудан орталығында өткізіліп, 6 аймақтан 11 команда қатысып, 7 салмақ дәрежесі бойынша сайдың тасындай 157 балуан бозкілемде күш сынасты. Байрақты бәсекеде 55 келі салмақ дәрежесінде қарсақбайлық Е.Әнуарбек I-орын, Сарлық ауылынан келген Ж.Кәрім II-орынды иеленді. 60 келі салмақ бойынша өткен тартыста ұлытаулық Ә.Айтбек I-орын, жезділік Ж.Марткамал II-орынға табан тіреді. Ал, 66 келі салмақта белдескендердің қатарында ұлытаулық Ә.Әбдіхалық I-орын, М.Мұқатов II-орынды иемденсе, 74 келі салмақта күш сынасқан балуан-

аса ауыр салмақтағы 100 келі және одан жоғарғы алып күш иелері, ұлытаулық Б.Жүнісбек пен қарсақбайлық О.Наурызбаев I-орынды жеңіп алып, жеңіс тұғырына көтерілді. II-орын сарысулық А.Мамабетовке бұйырды. Ақтық белдесулер өз мәресіне жетіп, жеңімпаздар марапатталды. Қарағанды қаласында өтетін «Сарыарқа алыбы-2015» турниріне қатысу үшін Ұлытау ауданының құрама командасы жасақталды. Аудандық білім, денешынықтыру және спорт бөлімі қазақ күресінің өткізілу тәртібіне басшылық жасап, спорт мектебінің жаттықтырушылары төрешілік етті. Мірдің оғындай, алпамсадай жігіттер бозкілемнің шағын қағып, қазақ күресінің беделін асқақтатты.

«КӨҢІЛАШАР» КӨРЕРМЕНІМЕН ҚАУЫШТЫ

Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығында 1 сәуір – Күлкі күніне орай осы мекеменің режиссеры Шахмаран Искаковтың ұйымымен «Көңілашар» ойын-сауық отауының тұсауы кесілді. Мәдени-сауықтыру орталығының жанынан құрылған «Драма», «Көркемсөз» үйірмелерінің оқушылары Б.Бакиратель, А.Мұқан, Д.Сайдалина, Н.Алтай, Е.Қаһарман, Б.Шаяхмет, М.Абданбек, С.Абдрасиловтар «Көңілашар» ойын-сауық отауындағы қойылымдарда әр түрлі рөлдерді сомдау арқылы өздерін жаңа қырынан таныта білді. Бұдан да бұрынғы іс-шараларға белсене қатысып, сахнаға шыңдалып келе жатқан жас өнерпаздарымыз бүгінде жақсы дайындықпен көпгендері көрініп тұрды.

Бұл кеште көрермендер «Әкесі мен баласы», «Құдалар», «Өртістің әңгімесі», «Әккібайдың қулығы», «Қазақ қалжыңдар»,



«Күлкі туралы әңгімелер» сынды интермедиялар мен скечтерді және «Көңілді тапқырлар клубының» ойыншылары қойған сахналық көрсетілімдерді тамашалап күлкіге бір кенелді.

Ойын-сауық барысында Мәдени-сауықтыру орталығының әншілері Д.Маштаева, Ғ.Женсикбаева, С.Смағұловтармен қатар С.Абдрасилов та ән шырқап, кештің ажарын келтірді.

А. ҚАДЫРОВА,
Мәдени-сауықтыру орталығының көркемдік жетекшісі.



БАҰҚАУ ЖАРИЯЛАНАДЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы №250 Өкімесәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізіледі. Конкурсты дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті 2015 жылғы «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын жариялайды. Конкурс үш кезеңде өтеді: бірінші кезең – аудандық (қалалық), екінші кезең – облыстық, үшінші кезең – республикалық. Конкурсқа қатысуға өтінімдер тиісті құжаттар қоса тіркелген арнайы нысан бойынша аудандық (қалалық) әкімдіктерге 2015 жылғы сәуірдің 1-нен 30-на дейін беріледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы №181 қаулысымен бекітілген «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізу қағидалары I. Жалпы ережелер

1. «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы (бұдан әрі – Конкурс) өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін таратуға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған. Конкурс жылдың басында жарияланады және «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы №3827 Жарлығына сәйкес Отбасы күніне орай қорытындыланады.

Конкурсты өткізудің мақсаттары:

1) отбасы институтын, адамгершілікті, руханилықты нығайту, жауапты ерлі-зайыптылықтың маңызын тану;
2) ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру;
3) отбасылық құндылықтарды, көмелетке толған балаларының еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-аналарына қамқор болуын дәртілеу және кеңінен насихаттау;
4) қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттау.

2. Конкурста отбасылар (бұдан әрі – үміткерлер) қатысады. Конкурс Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында ашық нысанда өткізіледі.

3. Конкурстың жеңімпаз отбасысы жалпыға ортақ интерактивті дауыс беру негізінде айқындалады.

4. Конкурста қатысуға мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері жоғары отбасылар жіберіледі.

5. М ы н а л а р :

1) қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар;
2) бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурста қатыса алмайды.

II. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі

6. Конкурстың ұйымдастырушылары Қазақстан Республикасы Келік және коммуникация министрлігінің жәрдемдесуімен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, жергілікті атқарушы органдар болып табылады. Конкурсты ұйымдастырушылар «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмысты үйлестіру мақсатында конкурсты дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетін құрады.

7. Конкурс өткізу туралы хабарландыру наурыздың 15-31-і аралығында республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылады.

8. Конкурс үш кезеңде өткізіледі. Бірінші кезең – аудандық (қалалық), екінші – өңірлік, үшінші – ұлттық.

9. Жергілікті атқарушы органдар өңірлік деңгейдегі «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының жеңімпаздарын айқындау бойынша өңірлік, аудандық (қалалық)

комиссиялар құрады, сондай-ақ комиссия туралы ережені және іріктеу критерийлерін бекітеді.

10. Конкурсқа қатысуға өтінім (осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша) аудандық (қалалық) комиссияға жыл сайын конкурстың басталғаны туралы көпшілікке жариялаған күннен бастап бір ай ішінде мынадай құжаттармен бірге беріледі:

1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;
2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін жергілікті уәкілетті органның көмелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінен үзінді көшірме;
3) неке қию туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);
4) ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі – бар болса;
5) балалардың тәрбиеленуі үшін алған көтермелеулердің, белгілі бір жетістіктері үшін алған көтермелеулердің бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
6) балалардың, ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жұмыс (оқу) орнынан анықтамалар және мінездемелер;
7) ұсынымдар (әріптестерінің, көршілерінің, достарының);
8) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері. Ұсынылатын құжаттардың көшірмелерін үміткерлер ұсынған түпнұсқалар негізінде аудандық (қалалық) комиссияның төрағасы куәландырады.

11. Құжаттарды көрсетілген мерзімнен кейін ұсынған үміткерлер конкурста қатысуға жіберілмейді.

12. Аудандық (қалалық) комиссияға ұсынылған құжаттар қайтарылмайды.

13. Ұйымдастырушылар:

1) барлық үміткерлерге тең жағдайды;
2) жеке құпия болып табылатын ақпараттың жасырын болуын;
3) конкурс нәтижелері туралы мәліметтердің ресми жарияланатын күнінен бұрын таралып кетпеуін қамтамасыз етеді.

14. Аудандық (қалалық) комиссия алынған ақпаратты жан-жақты тексергеннен кейін аудандар (қалалар) әкімдерімен келісілген екі қатысушының (отбасының) конкурстық материалдарын 15 мамырға дейін өңірлік комиссияларға жібереді.

15. Өңірлік комиссиялар бір үздік отбасын іріктеп алады, қажет болған жағдайда ұсынылған материалдарға қосымша тексеру жүргізіп, Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдерімен келісілген өз шешімдерін осы Қағидалардың 10-тармағында көзделген құжаттар топтамасымен бірге, жыл сайын 30 мамырға дейін «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағын беру жөніндегі комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) жібереді.

16. Өңірлік және аудандық комиссиялар үздік отбасыларды айқындау туралы шешім қабылдау кезінде мынадай крите-

рийлерді басшылыққа алады:

1) отбасы мүшелері жетістіктерінің саны мен маңызы (отбасы тарихы визит карточкасы – таныстыру рәсімі);
2) отбасылық дәстүрлер және жәдігерлер;
3) отбасының рухани-адамгершілік құндылықтары;
4) балаларының жетістіктері;
5) ата-аналарының үлгі тұтарлықтай жетістіктері;
6) өздерінің шыққан тегін білуі (шежіре – ру тарихы);
7) отбасы құрамы (отбасы мүшелерінің саны бір аумақта бірге тұрып жатқан бірнеше ұрпақтың өкілдері);
8) отбасының дарындары;
9) отбасының өмір сүру салты (салауатты өмір салты, бос уақыты және т.б.);
10) отбасының қоғамдағы беделі.

17. Комиссия өңірлік комиссиялардың ұсыныстарын алқалы түрде қарағаннан кейін 10 күн ішінде лауреат атағына үміткер отбасылар туралы бағдарламалар циклын әзірлеу үшін материалдарды Ұлттық телеарнаға жолдайды.

18. Жеңімпаздарды іріктеуге смс-хабарламалар және интернет-ресурс арқылы интерактивті дауыс беру жолымен елдің барлық тұрғындары белсенді түрде қатысады. Интерактивті дауыс беру 10 тамыздан басталады және 5 қыркүйекте аяқталады.

19. Комиссия интерактивті дауыс берудің қорытындысы бойынша конкурс жеңімпазын айқындайды.

20. Көрермендердің басым көпшілігі дауыс берген отбасыға «Мерейлі отбасы» лауреаты атағы, диплом мен ерекшелік белгісі (мүсінше) беріледі.

21. Конкурс лауреатын марапаттау рәсімі жыл сайын салтанатты түрде өткізіледі.

22. Конкурсқа қатысушылар туралы ақпарат өңірлік және республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ конкурсты ұйымдастырушылардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

23. Конкурс лауреаты атағын қайталап беруге жол берілмейді.

III. Ұйымдастыру комитетінің міндеттері:

24. Ұйымдастыру комитеті ұйымдастырушылық, техникалық, қаржылық, шығармашылық мәселелерді, іс-қимылдарды немесе конкурсты дайындау және өткізу бойынша жұмыс бағыттарын келісу мәселелерін пысықтайды, сондай-ақ Ұйымдастыру комитеті мүшелерінің ұсыныстарын, қоғамдық бастамаларды қарайды. Ұйымдастыру комитетінің міндеттеріне мыналар жатады:

1) конкурстың басталуы туралы көпшілікке жариялау;
2) конкурстың іріктеу айналымына дайындық және оны өткізу бойынша ұйымдастыру жұмысын үйлестіру;
3) конкурстың имидждік жарнамалық науқанын бекіту;
4) конкурстың барлық кезеңдеріне дайындықты және өткізуді үйлестіру;
5) БАҚ-пен жұмыс;
6) конкурс бағдарламасына өзгерістер енгізу;
7) өңірлердегі конкурстың іріктеу айналымдарын өткізу қорытындылары туралы жергілікті атқарушы органдардың есептерін тындау;
8) конкурстың финалдық айналымына қатысуға өтінімдерді жинау, өтінімдерді рәсімдеу мен берілуінің конкурс талаптары мен шарттарына сәйкестігін тексеру;
9) алдын ала қарау үшін өтінімдерді өңдеу;
10) конкурстың қазылар алқасының құрамын құру және оның қызметін үйлестіру;
11) конкурстың финалдық айналымын, конкурс номинанттарын салтанатты түрде марапаттау рәсімін бақылау, ұйымдастыру және өткізу.

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды



БҰЛ ЖАЗЫЛМАҰТЫН ЕСКІ ЖАРА ЕДІ...

Тарихтағы II Дүниежүзілік соғыс деп аталатын Ұлы Отан соғысына менің әкем Түгелбаев Құлахмет 1942 жылы қазіргі Аманкелді ауылынан 34 жасында соғысқа аттанған екен. Содан хабар-ошарсыз кеткен адамдардың тізімінде, кейінде үлкен балам Бауыржан архивтерден сұрастырып интернеттен іздеу салғанында мынандай мәлімет алдық.

«Түгелбаев Құлахмет – 1908г.р. стрелок-солдат в 1943 годк в марте в бою без вести пропал; одан кейін де іздестіргенімізде: – «сложная обстановка на фронтах не позволила точно установить судьбу некоторых военнослужащих, поэтому оны учтенены пропавшим без вести» деген. Ал інісі Түгелбаев Бектай – Байқоңыр №10 ауыл, «Октябрь» колхозынан 1937-38 жылдары Фин соғысына шақырылса керек. Кейінірек Ленинград майданында соғысқа кірген. Оған мынандай деректер бар: **«Түгелбаев Бектай** – 1917г.р. ст.сержант к-р развед роты, чл. ВКП(б) в 1943 году умер от тяжелой раны, вблизи село Дружба, Ленинградской области» деген. Бұл қаралы «қара қағаз» ауылға келгенде Келмағанбет әкеміз әжеме естірткенде, әжеме қара жамылып күндіз-түні зарлап, жоқтау айтып жылаумен болатын еді, дейтін көз көргендер. Соның бірі Кәтейін апамыз, әжең керемет жырыш адам еді, біз сол жылағанын киіз үйдің сыртынан тыңдағанымызда сай-сүйегіміз сырқырап, біз де жылаушы едік – дейтін. Біз Ақсақал әулетіне жататын үлкені менің атам Түгелбайдың Кемелбай, Тоқтарбай, Ізімбай деген үш інісі болған. Бұлардың балалары да түгелдей соғысқа аттанып, біреуі де елге оралмаған. Тоқтарбайдан қалған жалғыз тұяқ Төлеген Қарсақбайда комсомол ұйымының хатшысы болып жүргенінде 1941 жылы алғашқы соғыс басталғанда өзі сұранып кетіпті. Оны көрген адамдар жалындап тұрған жас еді – дейтін. Оны сұрастырғанымызда мынандай деректер: – «Тоқтарбаев Тулеген Аксаклович 1922г.р. член ВКП(б), лейтенант командир огневого взвода убит 10.09.1944г., похоронен в Эстонской земле». Одан кейінгі інілерінен Ізімбайдан тарай-

тын үлкені Шылмағанбет – Қарсақбай жұмысшылар поселкесін азық-түлікпен қамтамасыз ететін Продснаб мекемесінің бастығы кезінде 1942 жылы соғысқа шақырылып, сол жерден аттанған, дерек бойынша «Изимбаев Шилмағанбет – 1908г.р. солдат, стрелок чл.ВКП(б), считать без вести пропавшим на фронте 03.1944г». Бұл ағамыздан қалған жалғыз баласы Шылмағанбетов



Ислам кешегі уақытта Аманкелдіде МТМ басқармасында, Қаракеңгір, Егінді ауылдарында бас инженер болып, бүгіндері зейнеткер, Жезқазған қаласында баласы, немерелерімен тұрып жатыр. Інісі Ізімбаев Шалау, бұл бізге түсініксіз жағдай бұл өңірден емес Қызылорда облысы, Сырдария ауданынан 1941 жылы әскер қатарына шақырылған дейді, біздің қолымызға түскен құжатта: –«Ізімбаев Шалау, 1922г.р. гв.лейтенант, член ВКП(б) к-р, танка, умер в бою 08.1943г. Родные Изимбаев Бирмағанбет к-з Амангельды» депті. Онысы қазіргі Аманкелді ауылында тұратын Бирмағанбе-

тов Ескерместің үйі. Ал ағамыздың Кемелбай інісінен қалған Әбдікәрімді балам қанша іздестіргенменде дерек болмағасын артына үлкен сұрақ белгісін қойыпты. Бұлар бір әулеттен бес адам аттанып, үлкендері 34-тің шамаларында, қалғандары 18-20 жастың аралығындағы қыршын боздақтар, ел, жер, Отан, Жеңіс, ата-ана үшін жанын пиде еткен аяулы әкеміз бен ағаларымыз еді. Туған жерінен топырақ бұйырмай, жат жерде қалды.

–Біз сәби, бала кезімізде бесік жырын естімей, үйде әжеміздің, сыртта шешеміздің зарлы үні мен

көз жасын көріп-өстік.

Әжеміз біз ес біле бастағанымызда осылардың аттарын жырға қосып, дауыс қылып жылайтынын да естідік. Бұл кісі естияр Әліби Жангелдиндердің жақын апалары болатын-ды. Атамыз ертеректе қайтыс болса керек, одан жетім қалған бес баласын кешегі өткен қиын-қыстау заманында жеткізіп, үш баласы түрлі себептермен қайтыс болғанда, ал қалған екеуі мына соғысқа кетіп, қайта оралмағанына қатты күйініп, өз-өзінің омырауын да жұлып тастайтын. Асыл да, қатты адам еді, бізді бертін келгенше баласынбайтын. Айтқандарға – бұл боктайшақтардың не қызығын көрем дерсің, өз баламның біреуінің де қызығын көрмегенде – деуші еді. Кейінгі кезде осы көп жыластан өз-өзіне көп күш түсіргендіктен екі көзі де көрмей, соқыр болып қалып еді.

Бұл соғысқа елдің ішінде дәрігерлік комиссияда нешәтүрлі қулық-сұмдықтарды ойластырып, бармай қалғандары да болды. Ес біліп естігенімізде осылардың, кейбіреулерінің өз аузынан да естіп едік. Соның бірі мына Байқоңыр совхозының №2 фермасы «Қызылүйде» тұратын тұрғыны Жақыпбек Жанұлов деген жездеміз болды. Оны жұрт «саңырау, сақау» дейтін-ді. Өзі сондағы бір әңгімесінде: –Мен



Қарсақбайда болған әскери комиссиядан өтпей қалдым. Мен өтірік мылқау, саңырау болып ыммен ғана сұрақтарына жауап беремін. Олар мені сынамақ үшін (мен оны алдын ала білдім) кетіп бара жатқанымда артымнан тақап келіп мылтық атқанда да естімеген адам болып жүре бердім. Содан мені «жарамсыз», деп қатардан шығарып тастады, дейтін. Ол уақытта білікті дәрігер, аппарат жоқ, міне бұлар соны білген. Сол сияқты көзіне дәрі құйып, өтірік көрмейтін болып, шәйдің қызыл тұнбасын ішіп, өтірік жөтеліп өкпе-ентікпе ауру болып, бармай қалғандарын кейінде көрдік те. Барлық еркек соғысқа кеткенде, олар ауылды алшысынан басып, қызмет, тәуір ат, тәуір киім, дәмді тағам немесе серілік, жігітшілік жасап, қызық дәурен кешті. Мұны біздің қатарымыздың бәрі білді. Олар үшін соғыс болмаған сияқты, ал солардың балалары да біз сияқты емес олар да солай сезінеді. Біз соғыстың не екенін біліп-өстік. Содан кеудемізде, көкірегімізде, жүрегімізде жазылмастай жара қалды. Өсіресе, биылғы Жеңістің 70 жылдығында өткеннің бәрі еске түсіп, жараның ауызы қайта ашылғандай болып, яғни қағазға түсіріп жазып отырғаным, ауырған жерім жеңілдеген сияқты болғандай. Сол уақыттарда бізге «әскер семьясы» деген жеңілдік-

терді көре алмадық. Біздің үйде шешелеріміз екі сиырды ұстап, оның сүті, айран, ірімшік-құртын талғажау ететін-біз. Жаз айларында оның май, қаймағын да жалатпайтын-ды. Ол уақытта екі сиырға 16 кг, қорытылған май тапсыру салығы салынады. Әжеміз әуелі Үкіметтен құтылып алайық, деп бізге көк сүтінен басқа ештеңе татырмайтын-ды.

–Қорғанысдың күні осы – дегендей, мына бір жағдайды ортаға салайын. Бір жылдары шешем сауыншы болып, сол сиырдың бір бұзауы өлгенде шешемнің мойнына апарып, үйдегі үлкен сиырдың бұзауын күзде алып кеткенде әжеміз дауыс қылып жылағаны осы уақытқа дейін құлағымнан кетпейді. Одан кейін де қыста шашпадан бір сиырды қасқыр жарып кеткенде, оны да төлейсің, орнына сиырыңның біреуін бересің, дегенде, ауданнан келген уәкілге (кейін де білдім) ол Дәулетияр Жалпақов екен. – Бұл неге төлейді, бақташы қайда, сендердің жесір әйел, жетім балаға көмектерің осы болғаны ма, бұлар әскер семьясы – деп шешемді аман алып қалып еді. Мен сол кісінің әруағына күні осы уақытқа дейін тағзым етіп, адамгершілігіне ризамын.

Бізді әкелеріміз, ағаларымыз қаны мен жанын беріп, елін, жерін, Отанын жаудан сақтап қалды. Ауылда тылда шешелеріміз, олар да соғыстан кем емес еңбек майданында тер төгіп, одан кейінгі жылдардағы қалпына келтіру кезеңдерінде біз де жанымызды салып еңбек етіп, бүгінгі егеменді, тәуелсіз елдің қабырғасын тұрғызып, төбесін жауып, сол үлкен үйдің ішінде құдайға шүкір, өмір кешіп жатырмыз. Мұның бәрі тыныштықтың арқасы, өз еңбегіміздің жемісі, нәтижесі. Көпұлтты Қазақ елінің басын біріктіріп, әлем танитындай елге айналдырған Елбасы Н.Назарбаевтың көрегендік, салиқалы саясаты мен ерен еңбектері өз нәтижесін бергенін бүкіл қазақстандықтар көріп-біліп отыр. Сол көптің бірі мен едім. Құдайға шүкіршілік жасап, барымызға қанағат дейік, ағайын. Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жылдық мерейтойы мерекелі, берекелі жыл болсын демекпін.

Қадыр ҚҰЛАХМЕТ.
Жезді кенті.

МАЙДАННАН КЕЛГЕН ХАТ

Кешегі фашистердің салған ылаңы, сұрапыл соғыс, миллиондардың шаңырағын ортасына түсіріп, ошақтың отын сөндірді. Талай боздақ қыршынынан қиылды. Қаншама азаматтарымыз хабарсыз кетті. Бір үйден майданға аттанған Тамабай, Байсалбай Қожбановтар. Жақын туысы Жайсаңбай Төлендин сол сұрапыл соғысқа аттанып хабарсыз кетті. Олардың ұрпағы, туыстар боздақтардың мүрдесінің қайда жатқанын да білмейді. Бір үйдің жалғыз, бір үйден 3-4 азамат аттанып, олар сол соғыста қаза тауып, мүрдесі жат жерде қалды. Қожбан атаның ұрпағынан бір күнде Тамабай, Байсалбай, Жайсаңбай де-

ген үш азамат аттанып, хабарсыз кетті. Тамабайдан екі бала қалды. Жүнісбек, Рабиға деген. Жүнісбек ертеректе қайтыс болды. Рабиға Тамабайқызы қазір сексеннің сеңгіріне шығып отыр. Ол кісі әкесі Тамабайдың майданнан жазған алғашқы әрі соңғы хатын есіне сақтап қалған. Рабиға апамыз осы өлеңмен жазылған майдангер әкесінің хатын Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында редакцияға тапсырды. Біз бүгін майдангердің хатын көпшілік назарына ұсынып отырмыз.



ЕЛІМЕ САҒЫНЫШТЫ СӘЛЕМ

Шұбаркөлдін қаласы-ай,
Орман-ағаш даласы-ай
Сол араға жиналған,
Орыс-қазақ баласы-ай.
Өлім мен өмір санаулы,

Жан-жағым жаумен
қамаулы
Мыңдаған әскер
барамыз
Бәрі де бірдей аяулы.
Хош болыңдар үлкендер
Қызық дәурен сүріндер.
Құттықтаймын Сіздерді
Елде аман жүргендер.
Ауыр екен винтовка
Талдырды ғой білекті
Таңдап алған ғашық жар
Жандырды ғой жүректі.
Өсірген менің ата-анам,
Қызығымды көрмедің
Сүтінді емген ақтауға

Мүмкіндік Алла бермедің.
Сағынышты сәлем хат
Сағынғанда ел қымбат
Сізге жазған сәлемім
Бола ма деп күш-қуат.
Әуеден ұшқан торғаймын,

Отанымды қорғаймын.
Туған ел еске түскенде,
Тар киімге сыймаймын.
Біздің қолда қару бар
Көкіректе зарым бар
Көрем бе деп ойлаймын
Елдегі жүрген бауырлар.
Бұлбұлдайын қыршын жас
Теңіммен ойнап-күлмедім
Он жыл оқып бейнет-ғып
Қызығын бір күн көрмедім.
Алты жүз грамм қара нан,
Бір күндік деп береді.
Жастық шіркін, жас жүрек,
Механатқа көнеді.
Сылдыр супы және бар
Ішпек түгіл қазақтың
Кірмейтұғын түсіне.

Хат иесі:
Тамабай ҚОЖБАНҰЛЫ.
Хатты есінде сақтап,
редакцияға ұсынған көпбалалы, «Алтын алқалы» ана
Рабиға ТАМАБАЙҚЫЗЫ.

ҰБТ қарсаңында

Міне, сәуір айы да келді, кезекті Ұлттық Бірыңғай Тестілеуі де жақындап қалды. Тестілеуге дайындық қалай өтуде және оның өткізілу түрі өзгертіледі ме? Осы және өзге де сұрақтарға Қарағанды облысы білім басқармасы басшысының орынбасары Бақтыгүл Әдекенова жауап береді.

–Сәлеметсіз бе, бүгінгі әңгіміміз ҰБТ-ға дайындық барысы жайлы болмақ. Сізге бірден қияңқы сұрақ қоямын. 11 сынып оқушылары арасында мынадай әңгімелер таралып жүр, ҰБТ-да «екілік» немесе шекті деңгейден төмен балл алса да ЖОО-да оқуларын жалғастыруға болады деген?

Мұндай жағдайлар мүмкін орын алған шығар. Бірақ, осы жылы бітіретін, «2» алса да ЖОО-да оқуын жалғастыруға үміттенетін түлектерді қынжылтқым келеді. Бұл мәселе ҚР Білім және ғылым министрлігі мен құқық қорғау органдары тарапынан ерекше бақылауға алынған. Бұл туралы Бас прокуратура мен Білім беру саласындағы бақылау комитетінің жоғары оқу орындарын тексерісі мен аттестаттаудан өткізуі дәлел бола алады. Аталған шаралардың бәрі - облыстың білім беру ұйымдарында және ЖОО-да қабылдау ережесінің заңдылықтарының сақталуына бағытталған. Соған қоса, биылғы жылы ҰБТ-да «қанағаттанарлықсыз» баға алған мектеп бітірушілер туралы жеке деректер базасы жасалып, Білім және ғылым министрлігіне жіберілетін болады. «Екілік» бағамен ЖОО-ға қабылданған жағдайда оларды оқудан шығару шарасы көрсетіледі.

Менің ойымша, биылғы жылғы түлектерде ҰБТ сертификатты болмаса жоғары білім алудан үміттенудің қажеті жоқ.

–Егер түлек тестілеуде «екілік» баға алса, әрі қарай оқуын жалғастыруға қандай мүмкіндік болады?

Үш және одан да көп пәндерден «қанағаттанарлықсыз» баға алса, онда ол емтихан тапсыруға құқысы жоқ, оған жалпы орта білімнің толық курсынан өтті деген анықтама беріледі және ол ағымдағы жылы ЖОО-на, колледжде оқуын жалғастыра алмайды.

Оқырмандар көңілін мына мәселеге аударғым келеді: биыл тек 11 сынып бітіретін түлектер үшін облыс колледждеріне мемлекеттік тапсырыс көлемі біршама ұлғайтылды.

Колледжге түсуге өте тиімді. Біріншіден, грантта оқып, 1-2 жыл ішінде кәсіптік білім мен мамандық алып шығады, оған қоса ай сайын 13 407 теңге көлемінде шәкіртақы төленеді. Қаладан тыс келіп оқитындар жатақханамен қамтамасыз етіледі. Екіншіден, колледж түлектері 2,5 жыл ішінде қысқартылған бағдарламамен ЖОО-на оқуға түсіп, жоғары білім алу құқығына ие болады. Оқытудың мұндай түріне мемлекеттен грант қарастырылған. Оқу ақылы болған күннің өзінде жұмсалатын шығын мөлшері 4 жылдық бағдарламаға қарағанда біршама аз.

Мектеп бітіруші түлектер мен ата-аналарды алаңдатып отырған сұрақ, биылғы жылы ҰБТ форматында өзгерістер бола ма?

Биылғы жылы ҰБТ өткізу форматында өзгерістер жоқ. Өткен жылғыдай мектеп бітірушілер 5 пәннен тест тапсырады, қазақ немесе орыс тілі (мектептегі оқыту тіліне қарай), математика, Қазақстан тарихы, орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі және қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі және таңдаған мамандыққа байланысты таңдау пәні. Әр пән бойынша тестілік тапсырмалар саны – 25, барлығы - 125 сұрақ.

– Биылғы жылы қанша түлек Ұлттық

Бірыңғай Тестілеуге қатысады?

Биылғы оқу жылында облыс мектептерін 7 345 түлек бітірмекші, ҰБТ-2015 рәсіміне 5 934 түлек қатысады деп жоспарлануда, бұл облыс түлектері жалпы санының 80,7%-ын құрайды.

– Сіз сынама тестілеу алуға қалай қарайсыз?

ҰБТ–2015: СҰРАҚ - ЖАУАП



Негізінен бағдарламалық материалмен жұмыс істеу керек. Ең бастысы –бағдарламаны меңгеру және есептерді шешуді үйрену. Сынама тестілеу қосымша көмек ретінде қарастырылуы керек. Оларды өткізу керек, бірақ кейбір біздің мектептер сияқты, өкінішке орай, тым жиі емес. Жаттықтыруға болады, ол қажет те – бірақ жауап қағазын қалай толтыру, бояу керектігі туралы оқушының хабары болу үшін. Сынама тестілеуді ҰБТ-ны өткізу ережелеріне барынша сәйкестендіріп өткізген пайдалы. Бұл түлектердің психологиялық жағынан дайындалуына оң әсер етеді, бұндай тестілеу олардың мүмкіндіктерінің шынайы келбетін көрсетеді және дұрыс шешім қабылдауына көмектеседі.

– **Түрлі білім беру орталықтары жүргізетін дайындық курстары мен жаттығушылықтың (репетиторлық) қандай пайдасы бар?**

Егер мұндай курстар сапалы білім берсе, ҰБТ-ға дайындалу кезінде көмегі тиері анық. Топпен және шағын топтарда оқушылар оқу бағдарламасын тағы да бір рет қайталауға және қиын тақырыптарға кеңіл бөлуге мүмкіндік береді. Оқушы толық білімді мектеп қабырғасында жүргенде алу керек деп ойлаймын. Сонымен бірге, әр мектеп ҰБТ-ға жыл сайын дайындалу кезінде қосымша сабақтар өткізеді.

– **Тестілеуді тапсырғысы келмейтін оқушыларға қандай баламалы жағдайлар бар?**

Түлектердің барлығы бірдей жоғары оқу орнына түсіп, жоғары білімді маман болуға ұмтылмау керек деп ойлаймын. Бүгінгі күнде еңбек нарығында жетіспейтін білікті жұмысшы кадрларды колледждер дайындауда. Жоғарыда айтып өткендей, колледждерде оқудың артықшылығы көп. Біздің облыстағы колледждер жоғары оқу орнынан ешбір кем емес, қазіргі заман талабына сай оқу құралдарымен жабдықталған, дуальды оқыту технологиясын толық меңгеру арқылы колледж түлектері ең озық өндіріс орындарының сұранысына жауап береді. Бұған облыс мектептерінің

түлектері колледждерде өтетін Ашық есік күніне қатысқанда көз жеткізді. Облыстағы колледждерге ҰБТ тапсырудан бас тартқан түлектер түсе алады. Бұл жағдайда мектепте дәстүрлі қабылдау емтиханын тапсырады. Өкінішке орай, ҰБТ-ны сәтсіз тапсырған және психологиялық күйзеліске ұшырағандар ғана колледждерге түсуге барады. Сондықтан әрбір түлек өзінің кәсіби мансабын жан-жақты ойланып, дұрыс таңдауға тиіс және бүгінгі күнде қоғамда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілетінін есте сақтауы керек.

ҰБТ-да тәртіпті қамтамасыз ету міндетін атқаратын адамдар арнайы дайындықтардан өте ме?

Ұлттық Тестілеу орталығы жыл сайын ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілдерімен ҰБТ өткізуге байланысты арнайы семинар өткізеді.

Білім және ғылым министрлігінің өкілдері ретінде ҰБТ өткізуге рұқсаттама алу үшін арнайы тест тапсырады.

Қанша пайыз түлектер тест нәтижелерімен келіспейді, бұл жағдайда олар қалай тығырықтан шығады?

Жыл сайын 1,5% түлектер тест қорытындысымен келіспейді. Бұндай жағдайда олар ҰБТ өткізу пункттерінің жанында құрылған апелляциялық комиссияға тест қорытындысының нәтижесін қайта қарауға өтініш беруге құқылы. Апелляцияға берілетін өтінішті тестілеуге қатысушының өзі апелляциялық комиссия төрағасының атына береді. Тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштер тестілеу нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күнгі сағат 14.00-ге дейін қабылданады және Нұсқаулыққа сәйкес апелляциялық комиссия тәулік бойы қарастырады. Өтініш берушінің өзімен бірге оның жеке басын куәландыратын құжаты, ҰБТ-ға жіберу рұқсаттамасы болуы керек.

– **Өткен жылдардағы тәжірибелеріңіз бойынша- «Алтын белгі» мен үздік аттестатқа ұсынылған түлектер қаншалықты өз білімдерін ақтап шығады? Биылғы жылы үздікке үміткерлер қанша?**

– Өткен оқу жылында 35% «Алтын белгі», 26%-ы - үздік аттестатқа үміткерлер өз білімдерін ақтап шықты. Жалпы алғанда соңғы 2 жыл ішінде бұл көрсеткіш 7-10%-ға көтерілді. Биылғы жылы облыс бойынша «Алтын белгіге» үміткерлер саны-247, үздік аттестатқа үміткерлер-121.

Қазақстанның ҰБТ бойынша жалпы рейтингінде Қарағанды облысының көрсеткіштері қандай?

–ҰБТ қорытындысының талдауы бойынша тұрақты оң динамика көрсетіп отыр. Соңғы екі жылды салыстырар болсақ, 2014 жылы ҰБТ-ның облыс бойынша орташа балы-76,9; 2013 жылы (74,5) 2,4 балл жоғары көрсеткіш көрсетті, республиканың орташа балымен бірдей, яғни бұл жоғары көрсеткіш. Дегенмен де, ҰБТ көрсеткіші оқушылардың білім сапасын анықтай алмайды.

Біздің облыстың оқушылары интеллектуальды жарыстарға қатысудағы нәтижелерін есептеп шығаруға болмайды. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадада және ғылыми жобалар конкурсында Қарағанды облысының командасы қатарынан 6 жыл үздік олимпиада командасы дәрежесіне тұрақты түрде ие болып келе жатыр. Өткен жылы республикалық және халықаралық олимпиадаларда, ғылыми жобаларда біздің оқушылар 77 медальді жеңіп алса, оның 14-і алтын. Биылғы жылдың үш айында ғана 16 жүлдегеріміз бар.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Қазақстан–2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер қатарына қояды, мемлекет пен қоғамды осы келеңсіз құбылыс пен күресте күш-жігерді біріктіруге бағыттайды. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендететіні, әлеуметтік-экономикалық қарыштап дамуды тежейтіні баршаға мәлім.

Қазақстан мемлекеттік Тәуелсіздік алған алғашқы күндерінен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді, әлемдік стандарттарға сай институттарымен, құру бағытымен мақсатты және кезең-кезеңімен жүріп келеді.

Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып осы келеңсіз құбылыспен күрестің мақсатын, міндеттерін, негізгі қағидаттары мен тетіктерін айқындаған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңды қабылдады.

Біздің елімізде қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама жұмыс істеуде, оның негізі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдар болып табылады. Бірқатар бағдарламалық құжаттар іске асырылуда, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы функцияларды кешенді түрге іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет сала халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Елбасы Н.Назарбаевтың 2014 жылдың 26 желтоқсанында №986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы шықты. Стратегия мемлекеттің алдағы жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын көрсетеді және сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын, оны тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға, оның деңгейін қысқартуға ықпал ететін кешенді шараларды қамтиды. Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің ахуалына талдау жасалады, сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін негізгі факторлар сипатталады, оларды жою жөніндегі тәсілдер мен басым шаралар, стратегияны іске асыру тетіктері көрсетілген.

«ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұлытау аудандық аумақтық инспекциясы» Мемлекеттік мекемесінің ұжымы тарапынан Елбасы алға қойып отырған осынау асқаралы міндеттерді жүзеге асыруға, мемлекеттік қызметкерлері арасында қатерлі дертке жол бермеуге баса назар аударылып отыр. Сондықтан да құлқынның қамын ойлаған кейбіреулердің әрекеті бүкіл ұжымға әсерін тигізбеуі үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлесе күрескеніміз дұрыс деп есептейміз.

«ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұлытау аудандық аумақтық инспекциясы» ММ-сі.

СОТТАРДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАЖДЫҢ МӨЛШЕРЛЕМELERІ

Сотқа берілетін қуыным арыздардан, ерекше қуыныммен іс жүргізу арыздарынан, ерекше іс жүргізу істері бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шығару туралы арыздардан, атқарушылық парақтың төлнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің, аралық соттың және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқарушылық парактарды беру туралы арыздардан, сот актілерінің, атқарушылық парактардың және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайтадан беру туралы арыздардан мемлекеттік баж мынадай мөлшерде алынады :

1) мүлiктiк сипаттағы талап арыздардан: жеке тұлғалар үшін - талап қою сомасының 1 пайызы; заңды тұлғалар үшін - талап қою сомасының 3 пайызы;

2) мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды адамдарының жеке тұлғалардың құқықтарына нұқсан келтіретін заңсыз іс-әрекетіне шағымдардан - 30 пайыз;

3) мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды адамдарының заңды тұлғалардың құқықтарына нұқсан келтіретін заңсыз іс-әрекетіне шағымдардан - 500 пайыз;

4) салықтық тексеру актілері бойынша хабарламаларға дау айту туралы арыздардан: дара кәсіпкерлер мен шаруа немесе фермер қожалықтары үшін - хабарламада көрсетілген салық пен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің (өсімпұлдарды қоса алғанда) даулы сомасының 0,1 пайызы;

заңды тұлғалар үшін - хабарламада көрсетілген салық пен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің (өсімпұлдарды қоса алғанда) даулы сомасының 1 пайызы;

5) некені бұзу туралы талап арыздардан - 30 пайыз.

Некені бұзған кезінде мүлiктi бөлген жағдайларда баж осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес талап қою бағасына қарай айқындалады;

6) белгіленген тәртіппен хабарсыз кетті деп немесе жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдармен, не үш жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдармен неке бұзу кезінде мүлiктi бөлу туралы талап арыздардан - осы баптың 1) тармақшасына сәйкес;

7) тұрғын үйлерді жалға алу шартын өзгерткені немесе бұзғаны туралы, мұраны қабылдау мерзімін ұзарту туралы, тыйым салынған мүлiктi босату туралы талап арыздардан және мүлiктiк емес сипаттағы немесе бағалауға жатпайтын басқа да талап арыздардан - 50 пайыз;

8) осы тармақтың 2), 3), 4) және 13) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, ерекше талаппен іс жүргізу арыздарынан, ерекше жүргізілетін істер бойынша арыздардан (шағымдардан) - 50 пайыз;

9) аралық сот шешімдеріне шағым жасау туралы арыздардан, төрелік шешімдердің күшін жою туралы өтінішхаттардан Қазақстан Республикасының сотына мүлiктiк емес сипаттағы қуыным арыз берілген кезде алынатын мемлекеттік баж мөлшерінен, ал мүлiктiк сипаттағы даулар бойынша - Қазақстан Республикасының сотына мүлiктiк сипаттағы қуыным арыз берілген кезде алынатын және арыз беруші даулап отырған сомаға негізделіп есептелген мемлекеттік баж мөлшерінен - 50 пайыз;

10) сот бұйрығын шығару туралы арыздардан - осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген мемлекеттік баж мөлшерлемесінің 50 пайызы;

11) атқарушылық парақтың телнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің, аралық соттың және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқарушылық парактарын беру туралы арыздардан - 500 пайыз;

12) сот шешімдерінен, үкімдерінен, ұйғарымдарынан, соттардың өзге де қаулыларынан көшірмелерді (телнұсқаларды), сондай-ақ іске қатысатын тараптар мен басқа да адамдардың өтініші бойынша соттар беретін істің басқа да құжаттарының көшірмелерін қайтадан беру туралы арыздардан - әрбір құжат үшін 10 пайыз, сондай-ақ әрбір дайындалған бет үшін 3 пайыз;

13) заңды тұлғаларды банкрот деп тану туралы, оңалту рәсімін қолдану туралы, жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану туралы арыздардан - 500 пайыз;

14) мүлiктiк және мүлiктiк емес сипаттағы даулар үшін соттардың шешімдеріне және қаулыларына сот актілерін қадағалау тәртібімен қайта қарау туралы апелляциялық, кассациялық шағымдардан және өтінішхаттардан - мүлiктiк емес сипаттағы талап арызды беру кезінде алынатын мемлекеттік баж мөлшерінің, ал мүлiктiк сипаттағы даулар бойынша - арыз иесі дауласатын сома негізге алына отырып есептелетін мемлекет баж мөлшерінің елу пайызы.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодексіне сәйкес 1 АЕК /айлық есептік көрсеткіш/ 2015 жылға - 1982 теңгені құрайды.

С.БҰХАРОВА,
Ұлытау аудандық сотының
кеңсе меңгерушісі.

Қоғам. Адам. Заң

Ұлытау ауданы бойынша салық салу мәселелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 28 қарашадағы № 257-V Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – Заң) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексіне (Салық кодексі) арнаулы салық режимдерін (бұдан әрі – АСР), қолдану бөлігінде енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды назарларыңызға ұсынамыз.

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҚТАРЫ ҮШІН 2015 ЖЫЛДЫҢ І ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ЕНГІЗІЛГЕН НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ

Патент негізіндегі шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимі бойынша 2015 жылдан бастап қағаз жеткізгіште патент беруге қатысты норма жойылды (431-баптың 2-тармағы). Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін АСР бойынша Заң мен Салық кодексінің 439-бабына сәйкес шаруа немесе фермер қожалықтары үшін АСР қолдануға шектеу қарастырылған жаңа тармақпен толықтырылды. Осылайша, 2015 жылдан бастап аталған салық режимін шаруа немесе фермер қожалықтары бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келген кезде:

1) жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқығындағы (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің жиынтық алаңы мыналар үшін: Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары үшін - **3 500 га**; Атырау, Маңғыстау облыстары үшін - **1 500 га**; Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары үшін - **500 га**, топырақ-климаттық аймақтардағы шөлді және тау бөктеріндегі шөлді-далалық жерлерінде орналасқан аудандарда (Бетпақдала, Балқаш көлі маңындағы құмдар) **1500 га** болып белгіленген жер учаскесінің шекті алаңынан аспаса;

2) осы арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет түрлерін ғана жүзеге асырса;

3) қосылған құн салығының төлеушілері болып табылмаса, 2015 жылдан бастап осы арнаулы салық режимін қолдануға құқылы. Осыған байланысты, бөлек есепке алуды жүргізу туралы бірыңғай жер салығын (бұдан әрі – БЖС) төлеушілерге арналған ережелерден алынып тасталды. Заңмен Салық кодексінің 442, 446, 447, 493, 496, 498-баптарына өзгерістер енгізілген, бұл өзгерістерге сәйкес қоршаған ортаға БЖС төлеушілер эмиссия үшін төлемақы төлеуден босатылған. Осыған орай, 2015 жылдан бастап БЖС **мөлшерлемелері** ұлғайтылды (444-бабы):

рет №	Жер учаскелерінің алаңы (гектар)	Салық мөлшерлемесі
1	2	3
1	500-ге дейін	0,15 %
2	501-ден 1000-ға дейін қоса алғанда	500 гектардан бағалау құнының 0,15 % + 500 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының 0,3 %
3	1001-ден 1500-ге дейін қоса алғанда	1000 гектардан бағалау құнының 0,3 % + 1000 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының 0,45 %
4	1501-ден 3000-ға дейін қоса алғанда	1500 гектардан бағалау құнының 0,45 % + 1500 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының 0,6 %
5	3000-нан жоғары	3000 гектардан бағалау құнының 0,6 % + 3000 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының 0,75 %

Одан басқа, жайылымдар, табиғи шабындықтар және арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын басқа да жер учаскелері бойынша бірыңғай жер салығын есептеу жер учаскелерінің жиынтық бағалау құнына **0,2%** мөлшерлемесін қолдану

арқылы қолданылатын болады. Бұл ретте, Салық кодексінің 439-бабы 3-тармағына **Қазақстан Республикасының аумағында** жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқығындағы (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) жер учаскелері болған кезде шаруа немесе фермер қожалықтарына арнаулы салық режимін қолдану құқығы берілетінін қарастыратын нақтылаулар енгізілді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану үшін жергілікті өкілді органдардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге **бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін** жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары негізінде **он еседен асырмай жоғарылату** құқығы берілді (444-бап).

Ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін АСР (бұдан әрі – АШТӨ ЗТ арналған АСР) Салық кодексінің 448-бабына толықтырулар енгізілген, осы толықтыруларға сәйкес жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқығындағы (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) жер учаскелері болған кезде, салық төлеушіге осы АСР қолдану құқығы берілетін болады. Бұл ретте, осы талап омарта шаруашылығының өнімін өндіру, сондай-ақ өз өндірісінің көрсетілген өнімін қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілерге қолданылмайды. Мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы (оның ішінде, асыл тұқымды) өнімін өндіретін заңды тұлғалардың режимін қолдану шарттарынан **толық тізбекті (төлді өсіруден бастап)** өндірісті жүзеге асырудың қажеттілігі туралы **нақтылаушы ережелер** алып тасталды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану үшін осы жерлерге **жер салығының мөлшерлемелері ұлғайтылған**, ал жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жергілікті өкілді органдардың Қазақстан Ре-

1 қаңтарынан бастап АШТӨ ЗТ арналған АСР жер салығы мен жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы қолданылмайды (448-бабы 2-тармағы үшінші бөлімнің 1) және 2) тармақшылары, 449-бабы, 451-бабының 1-тармағы, 452-бабы, 481-бабының 4-тармағы). Ауылөнеркәсіптік кешенінің субьектілерінің салық салу жағдайын жақсарту мақсатында басқа заңды тұлғаларда қатысу үлесі 25 % -тен

асатын заңды тұлғалардың және құрылтайшысы бір уақытта арнаулы салық режимін қолданатын басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы болып табылатын заңды тұлғалардың АШТӨ ЗТ арналған АСР қолдануы бойынша **шектеу алып тасталынды** (444-бабы 3-тармағының 3) және 4) тармақшалары). Бұдан басқа, 2015 жылдан бастап Салық кодексінің 448-бабы Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент – заңды тұлға АСР қолдануға құқығы жоқтығы қарастырылған жаңа тармақшалармен толықтырылған.

Ауыл өнім өндірісшілерге арналған көлік құралдары салығы бойынша енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығының басшысы және (немесе) мүшелері, қолданылатын **салық салу режиміне тәуелсіз**, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге енгізілген ауыл шаруашылығы техникасы бойынша көлік құралдары салығын төлеушілер болып табылмайды (365-бабы 3-тармағының 1) тармақша).

Бұдан басқа, БЖС төлеушілерін көлік құралдары салығын босату жөнінде қолданыста болатын нормалармен қатар, салық салынатын табысына осы Кодекстің 147-бабының 2-тармағында белгіленген мөлшерлеме бойынша салық салынатын, жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібін қолданатын, ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығының басшысы және (немесе) мүшелері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген қажеттілік нормативтері шегінде жеңіл және жүк көлік құралдары бойынша көлік құралдарына салынатын салықтан босату Заңмен қарастырылған (365-бабы 3-тармағының 2) тармақша). Бұл ретте, осындай көлік құралдары пайдалануға, сенімді басқаруға немесе жалға беріп-се аталған нормалардың қолданылмайтынын атап өту керек.

Ауыл өнім өндірісшілерге арналған мүлік салығын бойынша өз ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сақтау және қайта өңдеу процесінде тікелей пайдаланылатын, меншік құқығындағы салық салу объектілері бойынша шаруа немесе фермер қожалықтары, сондай-ақ салық салынатын табыстарына Салық кодексінің 147-бабының 2-тармағында белгіленген мөлшерлеме бойынша салық салынатын, жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібін қолданатын, ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар осы салықты төлеушілерден алып тастау бойынша норма Салық кодексінің 394-бабының 4-тармағына Заңмен енгізілген.

Ұлытау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.

ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР!

Ұлытау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы келесіге назар аударады, 2015 жылдан бастап ҚР Салық кодексінің 598-бабына өзгертулерге сәйкес «электронды үкімет» веб-порталы (ҮЭП); мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесі веб-қосымша (СТК) мен халыққа қызмет көрсету орталығы (ХҚКО) арқылы әлеуметтік аударымдар мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешегі, салықтық берешегі жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді (әрі қарай – берешегі жоқ (бар) екендігі туралы мәлімет) алу үшін салықтөлеушілер тіркеу есебі бойынша сауал беру керек. Ал, мемлекеттік кірістер органдары қағаз тасығышта өтінішті екі жағдайда ғана: салықтөле-

ушінің таратылуына және жеке тұлға басқа елге көші-қон ауыстырғанда қабылдайды. Және де, мәлімет үшін, салықтық өтініштер нысанда-рының тізбесінен берешегі жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді алуға өтініш 2014 жылдың 19-шы желтоқсанындағы № 577 ҚР Қаржы министрінің бұйрығымен алынып тасталынғанын хабарлаймыз. Салықтық берешегі жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер электронды түрде беріледі және уәкілетті органның электронды цифрлі қолымен расталады. Сонымен бірге, электронды түрде алынған мәліметтерді, мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсқа қатысу үшін конкурстық комиссияға ұсынуға болады. Бұдан басқа, №370-II «Электрондық құжат және электронды цифрлі қол қою тура-

лы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-ші бабына сәйкес электронды құжат құрастырылып, беріліп, сақталып және электронды құралдармен ұсыныла алады. Электронды құжат, осы Заңның тиісті талаптарымен, қағаз тасығыштағы құжатқа тең мағыналы. Сонымен, мемлекеттік кірістер органдарының құжаттың шығыс нөмірісіз және анықтаманың нөмірісіз, қол қоюсыз, **мемлекеттік кірістер органдарының мөрісіз электронды түрде алынған салықтық берешегі жоқ (бар) екендігі туралы Мәліметтер шынайы** болып табылады.

Ұлытау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.

ТЖ бөлімі ескертеді!

ТОСЫН ЖАҒДАҰЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ – АСА ЖАУАПТЫ МІНДЕТ

Биылғы 2015 жылдың қыс айында түскен қардың көктем келе әбiгерге сала қоймас, былтырғы жылға қарағанда анағұрлым аз екен деп қалуға болмайды. Алайда, осындай көшедегі немесе мекемелердің, сауда орталықтарының және тұрғын үйлердің ауласындағы қардың күрмелуі көктемгі су тасқыны маусымы кезеңінде кері әсерін тигізеді анық мәселе. Сондықтан да селолық, кенттік округтердің әкімдері, мекеме басшылары, шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлерге

көктемгі су тасқыны маусымын қауіпсіз өткізу барысында назар аударыңыздар, қазірден бастап көктемгі су тасқыны кезеңіне дейін жіті қадағалап, арықтар мен көшелерді қардан тазарту, шатырлардың мұзын түсіру жұмыстарын жүргізу, су ағындары өтетін жерлерді тазалап дайындауы керек. Сондай-ақ, тұрғын үй иелерінің назарына, өздерінің қора-жайларының айналасын тазалап, қораға, шаруашылық сарайларына су кіру қауіптерінің алдын алып, су ағызу, арықтарды тазалап, дай-

ындауы керек. Кейбір аулалардың тарлығынан немесе көрші мен көршінің арасында суағарлардың алдын жауып, судың жылдағы ағатын жолын бөгеп, бірімен-бірі келіспей ашу шақырып, керісіп жататын кездері болатыны анық. Сондықтан да, «өрі ағыз да бері ағыз» деп таласуға жол бермей, көктемгі су тасу кезеңін ұйымшылдықпен өткізуге шақырамыз.

Ұлытау ауданындағы ТЖ бөлімі.

Хабарлама

«Ұлытау ауданының Құрылыс бөлімі» ММ-сі хабарлайды: «Қарағанды облысы Ұлытау ауданының Ұлытау селосына Өлкетану мұражайының құрылысын салу жұмыстарына жобалық-сметалық құжаттарын мемлекеттік сараптамамен дайындау» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаға әсерін бағалау» бас жобасы «Қарағанды облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мемлекеттік экология сараптамасына келіп түсті. Анықтама телефон бойынша: 87102760757, 8(7212)564157-экология сараптама бөлімі.

ГУ «Отдел строительства Улытауского района» сообщает, что раздел ОВОС к рабочему проекту «Разработка ПСД на строительство краеведческого музея в с.Улытау Улытауского района Карагандинской области» направлен на рассмотрение в государственную экологическую экспертизу ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», справки по телефону: 87102760757, 8(7212)564127-отдел экологической экспертизы.

Хабарлама

«Ұлытау ауданының Құрылыс бөлімі» ММ-сі хабарлайды: «Ұлытау ауданының Ұлытау селосында Тәуелсіздік көшесінде салынатын екі пәтерлі үш бөлмелі 10 коммуналдық тұрғын үйлердің құрылысын салу жұмыстарына жобалық-сметалық құжаттарын мемлекеттік сараптамамен дайындау» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаға әсерін бағалау» бас жобасы «Қарағанды облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мемлекеттік экология сараптамасына жіберілді. Анықтама телефон бойынша: 87102760757, 8(7212)564157-экология сараптама бөлімі.

ГУ «Отдел строительства Улытауского района» сообщает, что раздел ОВОС к рабочему проекту «Привязка рабочего проекта на строительство десяти одноэтажных 2-квартирных трехкомнатных арендных жилых домов по ул.Независимости в с.Улытау Улытауского района Карагандинской области с заключением государственной экспертизы» направлен на рассмотрение в государственную экологическую экспертизу ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», справки по телефону: 87102760757, 8(7212)564127-отдел экологической экспертизы.

Жарамсыз деп табылады

Жезді кентінің тұрғыны болған, марқұм **Мизамбаев Советберген Сейтовичтің** атына берілген, Жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі комиссияның №1056 шешімі, жоғалуына байланысты **жарамсыз деп табылады.**

ЕСКЕ АЛУ

Аяулы ана, асыл жар, қадірлі әжеміз **Ләйла Жағыпарқызының** бақылық болғанына жыл толады. Көзі тірісінде туыс-туған, құда-жекжатқа сыйлы, жанұяға қамқор, немерелеріне ардақты әже болған қимас жанды қатты сағынамыз қазір. Оның жарқын бейнесі санамызда мәңгілік сақталады!



Қайғы-мұң сағынышқа ұласумен, Жыл өтті, теңескендей бір ғасырмен! Көзде – жас, көңілде – шер өтіп жатыр Бір күнге бір күніміз жалғасумен. Қазаңыз арты – ауыр, маңы – сызды, Өткізді сан сынақтан, мына бізді. Жыл толар құдайы асқа жұртты жиып, Рухыңызға арнаймыз дұғамызды! – дей отырып, марқұмның жаны жәннәтта, тәні рахатта, иманы жолдас болсын дейміз.

Марқұм Ләйла Жағыпарқызының жылына арнап, биылғы 25 сәуір күні сағат 12.00-де Ұлытау селосындағы «Тассай» дәмханасында құдайы ас береміз. Асқа туыс-туған, құда-жекжат, көрші-көлемді, марқұммен көзі тірісінде сыйлас, дәмдес болған барша жәмиғатты шақырамыз.

Еске алып, жылын берушілер: жұбайы Төлеш, балалары, немере-шөберелері.

ЕСКЕ АЛУ

ЕСІМНЕН МЕНІҢ ШЫҚПАЙСЫҢ

Ардақты ана, асыл жар, ұлағатты ұстаз, халықтың сүйікті қызы **Сәния Мирғазизқызы Усманованы** сұм ажал арамыздан алып кетті. Ол отбасымыздың ұйтықы, берекесі, шаңырағымыздың шаттығы еді. Алланың ісіне шара бар ма? Алла алдыңды жарық, артыңды қайырлы етсін, деп дұғадан жоқтап, мәңгілік есте сақтаймыз.



Сәуір, мамыр туғанда
Қызғалдақ жерді жапқанда
Сайлар сылдыр қаққанда
Өзен тасып жатқанда
Есімнен менің шықпайсың.

Маусым, шілде болғанда
Шөпке шалғы салғанда
Көк майса құрақ шалғанды
Тырнауыш жалдап жатқанда
Есімнен менің шықпайсың.

Түсі суық сұр бұлттар,
Аспанды торлап жапқанда
Аққу сыңсып аспанда
Қаз қаңқылдап қайтқанда
Есімнен менің шықпайсың.


Долы боран бет қаратпай соққанда,
Тау күңіреніп дауылдатқанда
Мені іздеп сайын даладан
Мына жалпақ жалғаннан
Есімнен менің шықпайсың.

Өнмен келер өмірге,
Өнмен кетер мәңгіге
Шаранамен келгені
Без оранып кеткенде
Есімнен менің шықпайсың.

Еске алушы: ардагер-ұстаз, жұбайы Әбулайс ҒАЗИЗОВ.

ЕСКЕ АЛУ

Ұлытау селосының тұрғыны, аяулы әкеміз **Үсен Шотыбасұлының** бұл фәниден бақиға аттанғанына 40 күн толғалы отыр. Әкемізді сағынышпен еске ала отырып анамыздың – аяулы жарының жанынан орын бұйырғанына шүкіршілік етеміз. Топырағы торқа, жаны жәннәтта болсын.




Еске алып, қырқын берушілер: балалары, бауырлары.

Сәуір айының 25-і күні сағат 9.00- де «Тассай» дәмханасында қырқына арналған құдайы асқа туған-туыс, жора-жолдас, көзі тірісінде дәмдес, сыйлас болғандарды шақырамыз.

ЕСКЕ АЛУ

Абзал әке, орны толмас бауыр Фаст Виктор Владимирович бұл фәниден бақиға аттанғанына 40 күн толып отыр. Көзден кетсе де, көңілден кетпейтін бауырымызды сағынышпен еске ала отырып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннәтта болсын деп, дұға етеміз.



Болдың аға, бір әулеттің тірегі,
Арманың да, мақсатың да ірі еді.
Жер бесікке бөлегелі өзіңді,
Уайымдап ұрпақ жаны жүдеді.

Еске алушы: ұлы Дима, бауырлары Наташа, Светлана.

Марқұм бауырымызға арналған ас сәуір айының 24-і күні, сағат 13.00-де «Тассай» дәмханасында беріледі. Ағайын-туыс, көрші-көлем, көзі тірісінде сыйлас болған барша жәмиғатты шақырамыз.

Аудандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясының ұжымы газетіміздің тілшісі Ізтай Белгібаевқа күйеубаласы **Саябектің** қайғылы қазаға ұшырауына байланысты қайғысына ортақта-сып, көңіл айтады.

БІЗДІҢ ДАУЫСЫМЫЗ МАҢЫЗДЫ!

Бегаевтар әулеті тамырын кеңге жайған үлкен әулет. Отағасы Төкен Оразалыұлы талай жыл денсаулық сақтау саласында тынбай еңбек етті. Ал отбасының шамшырағы Сәуле анамыз қаржы саласында қызмет атқарған. Бүгінде немере, шөбере сүйіп отырған Төкен ата мен Сәуле әже балалары мен немере, шөберелерінің болашағы жарқын болуын қалайды.

Сондықтан Бегаевтар отбасы 26 сәуір күні Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауына барып, ел келешегі үшін дауыс беруді азаматтық борыш деп санайды.



26 сәуір



ҚР Президентін сайлау күні

Дәрігер кеңесі

СКРИНИНГКЕ АТАУЛЫ ШАҚЫРУ



Скрининг – арнайы жастағы тұлғаларды қауіпті факторлар мен ауруларды ерте анықтау, сонымен қатар емдеу тиімділігін арттыру мен аурудың асқынуының алдын алу үшін профилактикалық медициналық тексеру.

Скринингтен келесі жастағы тұлғалар өтеді: 25, 30, 35, 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64 жастағы ер және әйел адамдар – қандағы холестерин мен қанттың деңгейін анықтау; айғақтар бойынша электрокардиогра-

фия; айғақтар бойынша кардиолог пен эндокринологтың қарауы.

40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 жастағы ер және әйел адамдар – көзішілік қысымды өлшеу.

30, 35, 40, 45, 50, 55, 60 жастағы әйел адамдар – патологиялық өзгерістің алдын алу үшін жатыр мойыны сүртіндісін цитологиялық зерттеу; акушер-гинекологтың қарауы, айғақтар бойынша кольпоскопия.

50, 52, 54, 56, 58, 60 жастағы әйел адамдар – сүт безін рентгенологиялық зерттеу (маммо-

графия); айғақтар бойынша маммолог, онкологтың қарауы.

50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68 және 70 жастағы ер және әйел адамдар – тоқ ішек ауруын ерте анықтауда нәжісті жасырын қанға тестілеу; айғақтар бойынша тоқ ішекті эндоскопиялық зерттеу (колоноскопия).

50, 54, 58, 62 және 66 жастағы ер адамдар – қуықасты безі телімді антигені мен оның түрлеріне қан талдау; урологтың қарауы, айғақтар бойынша ультрадыбыстық зерттеу мен биопсия.

50, 52, 54, 56, 58 бен 60 жастағы ер және әйел адамдар – асқазан және өңешті эндоскопиялық зерттеу (эзофагогастроскопия); айғақтар бойынша гастроэнтеролог, онкологтың қарауы.

С гепатиті анықталған ер және әйел адамдар – альфа-фетопротеинге қан талдауы; бауырды ультрадыбыстық зерттеу. Қазақстанда өзіңіз тіркелген медициналық ұйымда скринингтен өту тегін.

Өз денсаулығыңызды күтіңіз – медициналық тексеруден өтіңіз!

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Нұрсанов Нұрлыбек Ерболұлы!

Сені туған күніңмен құттықтаймыз. Ғұмырың ұзақ болсын, Отан алдындағы міндетіңді абыроймен атқарып, туған-туыспен аман-есен қауышуға тілектеспіз.



Жүзіңіз шаттықты нұрға толсын, Тілегі бауырлардың қабыл болсын. Аман-есен әскерден оралып, Бақ-құссың ақ ордаға мәңгі қонсын.

Отбасымыздың өзіңнің төресі, Өмірдің жылжи берсін кемесі. Басыңызға ырыс-бақыт сыйласын, Жалындаған жастық шақтың белесі.

Тілек білдірушілер: әкесі Ербол, анасы Айгүл, Нұртай-Думанкүл, Ералы-Айткүл, бауырлары, жиендері.

Құрметті ұлытаулықтар!

19 сәуірге жоспарланған Қайырымдылық марафонының 29 сәуірге шегерілгендігі жөнінде хабарлаймыз!

Марафонға енгізілген өзгерістермен таныс болыңыздар: жас ерекшеліктеріне қарай қатысушылар 4 түрлі қашықтыққа қатыса алады. Олар:

12-14 жас аралығы: ұлдар – 5 шақырым, қыздар – 4 шақырым
15-17 жас аралығы: ұлдар – 8 шақырым, қыздар – 5 шақырым
18-35 жас аралығы: ерлер 10 шақырым, әйелдер 7 шақырым
35 жастан жоғары: ерлер 7 шақырым, әйелдер 5 шақырым

Қайырымдылық марафонынан түскен қаражат су басқан Сарысу, Борсеңгір елді-мекендерінің халықтарына көмек ретінде жіберіледі. Денсаулығыңызға пайдалы, әрі сауапты іске атсалысуға шақырамыз.

«Арша Фаранд» қоғамдық қоры.



**Директор -
Бас редактор
Елтынды ДҮЙСЕНБАЕВ**

Ауқандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС)

ГАЗЕТТІҢ ҚҰРЫЛТАУШЫСЫ: «Ұлытау ауданының әкімдігі»

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген №2199-Г куәлігі берілген. Астана қаласы. 07.08.2001ж.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау өңірі» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Ермеков көшесі, 33 үй.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
инд: 101500
Қарағанды облысы,
Ұлытау ауданы,
Абай көшесі, 23- үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта:
ulytau-oniri@mail.ru

Газет аптасына бір рет шығады,
Таралымы - 1550 дана
Көлемі - 3 баспатабақ
Тапсырыс - 15